

2:7 СЕРИЯ

БЕСІНШІ КУРС



*“Негіздерің Мәсіхте болып,
терең тамыр жайып, өсе беріңдер;
өздеріңе үйреткен сенімді мықтап ұстанып,
Құдайға шексіз алғыс айтатын болыңдар!”*

ҚОЛОСТЫҚТАРҒА 2:7

ҚАТАРДАҒЫ ҚАУЫМ МҮШЕЛЕРІНЕ
АРНАЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

© 1979 by The Navigators Revised edition © 1987
All rights reserved. No part of this publication may be reproduced in any form
without written permission from NavPress, P.O. Box 35001, Colorado Springs,
CO 80935. ISBN 5-86181-146-6

Мазмұны

БАҚЫЛАУ КҮНДЕЛІГІ	5
1-САБАҚ	7
4-курстың мақсаттары жайында қайта пікір алысу	7
Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 1-апта	8
Осы курстың <i>Тақырып бойынша жаттау жүйесі</i>	9
Түсіндірме-сұрақтарды қалай дайындау жайында	10
Нақты тәжірибелі сұрақтарды дайындау жайында	14
2-САБАҚ	16
Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 2-апта	16
“Құдай - Кім?” бөлімі бойынша түсіндірме-сұрақтар мен нақты тәжірибелі сұрақтар	17
3-САБАҚ	18
Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 3-апта	18
“Құдай - Кім?” бөлімі бойынша түсіндірме-сұрақтар мен нақты тәжірибелі сұрақтар (жалғасы)	20
4-САБАҚ	21
Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 4-апта	21
“Құдай сөзінің беделі” бөлімі бойынша түсіндірме-сұрақтар мен нақты тәжірибелі сұрақтар	22
5-САБАҚ	23
Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 5-апта	23
“Құдай сөзінің беделі” бөлімі бойынша түсіндірме-сұрақтар мен нақты тәжірибелі сұрақтар (жалғасы)	24
6-САБАҚ	25
Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 6-апта	25
“Киелі Рух” бөлімі бойынша түсіндірме-сұрақтар мен нақты тәжірибелі сұрақтар	26
7-САБАҚ	27
Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 7-апта	27
ҚАРҚЫНның негізгі бөліктерін қайталау	28
8-САБАҚ	29
Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 8-апта	29
9-САБАҚ	31
Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 9-апта	31
Қажетті нәрселердің тізімін пайдалану жайында	31
Апталық және күнделікті жоспарлау	33
10-САБАҚ	35
Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 10-апта	35
Аяттардың тақырыптары мен сілтемелері бойынша өзін-өзі тексеру жұмысы	36
11-САБАҚ	39

12-САБАҚ	40
Киелі кітап оқудағы жетекшілік: “Сенімнің негіздері”, (Шәкірт дайындау бағдарламасы), 5-кітап	41
“Құдай - Кім?”	42
“Құдай сөзінің беделі”	49
“Киелі Рух”	57
“Рухани соғыс”	65
“Мәсіхтің оралуы”	72

79-беттен кейін сіз мынандай парақтарды табасыз:

Киелі кітап оқу күнделігі,

Рухани өсуіңізді тексеру парақтары,

Дұғаның жауаптарын жазуға арналған парақтар.

Маңызды ескерту: Осы құжаттарды тек дайындықтан өткен жүргізушілер ғана қолдана алады. Олар міндетті түрде (1) осы құжаттарды оқушы ретінде оқып шығуы немесе (2) 2:7 серияның арнайы оқу орындарында осы серияны нәтижелі қолдану жолын үйреніп шыққан болуы тиіс.

Бақылау күнделігі

Өз бақылау күнделігіңізді тобыңыздағы адамдарға тексертіп, оларға осы курстың талаптарын қалай орындап жүргеніңізді көрсетіңіз. Олар әр бөлімнің күнін белгілеп, оның қасына өздерінің қолын қоятын болсын.

КИЕЛІ ЖАЗБАНЫ ЖАТТАУ

Есіміңіз Күні

“Мәсіхтің шәкірті болыңыз” (ТБЖЖ-В-12) тақырыбынан жатталған аяттар:

“Мәсіхті бірінші орынға қойыңыз” - Матай 6:33		
“Мәсіхті бірінші орынға қойыңыз” - Луқа 9:23		
“Осы күнәкар дүниені сүймеңдер” - Жохан. 1-хаты 2:15-16		
“Осы күнәкар дүниені сүймеңдер” - Рим. хат 12:2		
“Табанды болыңыз” - Қорынт. 1- хат 15:58		
“Табанды болыңыз” - Еврей. хат 12:3		
“Басқаларға қызмет етіңіз” - Марқа 10:45		
“Басқаларға қызмет етіңіз” - Қорынт. 2-хат 4:5		
“Жомарттықпен беріңіз” - Нақыл сөз. 3:9-10		
“Жомарттықпен беріңіз” - Қорынт. 2-хат 9:6-7		
“Осы әлемге куәлік етіңіз” - Елшілер. істері 1:8		
“Осы әлемге куәлік етіңіз” - Матай 28:19-20		
“Мәсіхтің шәкірті болыңыз” тақырыбының барлық аяттарын жатқа айттым, В-12		
“Құдайға сенім артыңыз”. Барлық аяттарын Б-12, 14 күнде жүйелі түрде қайталадым.		
“Мәсіх туралы айтыңыз”. Барлық аяттарын Ә-12, 14 күнде жүйелі түрде қайталадым.		
“Жаңа өмір сүріңіз” А-12 және “Мәсіхпен бірге бастау”. Барлық аяттарын қайталадым.		
Аяттардың тақырыптары мен сілтемелері бойынша жұмысты толығымен орындадым.		
ТЫНЫШ УАҚЫТ		
Киелі кітап оқу күнделігін 14 күнде жүйелі түрде толтырдым.		
КУӘЛІК БЕРУ		
“Көпір” арқылы берілген мысалдарды сенбеуші адамға түсіндіріп немесе оған куәлік беріп осының нәтижесі жайында сабақта айттым.		

КИЕЛІ КІТАП ОҚУДАҒЫ ЖЕТЕКШІЛІК

“СЕНІМНІҢ НЕГІЗДЕРІ” (Шәкірттер дайындау бағдарламасы, 5-кітап)

1-тарау - “Құдай - Кім?”		
2-тарау - “Құдай сөзінің беделі”		
22-беттегі бес сұраққа жауап бердім.		
3-тарау - “Киелі Рух”		
26-беттегі бес сұраққа жауап бердім.		
4-тарау - “Рухани соғыс”		
5-тарау - “Мәсіхтің оралуы”		
БАСҚА ДА ЖҰМЫСТАР		
ҚАРҚЫН - жеке күнделік		
Жарты күнді дұға етумен өткізу		
ҚАРҚЫН деген не? - Рухани өсуіңізді тексеру		
ҚАРҚЫН деген не? - Ізгі хабар айту тізімі		
ЖҮРГІЗУШІНІҢ ТЕКСЕРУІ		
5-курсты бітіру жайында		

1-сабақ

Сабақтың жоспары:

1. *4-курстың мақсаттары жайында қайта пікір алысу* деген бөлімді оқыңыз (7-8-беттер).
2. *Бақылау күнделігіне* қарап 5-курста істелінетін жұмыстармен қысқаша танысыңыз (5-6-беттер).
3. *Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 1-апта* деген бөлімді қарап шығыңыз (8-9-беттер).
4. Осы курстың *Тақырып бойынша жаттау жүйесімен* танысыңыз (9-бет).
5. *Сенімнің негіздері* деген бөлімді, осы курстың Киелі кітап оқудағы жетекшілігіндегі жұмыстарды (41-77-беттер) қарап, оларға арналған кіріспені (41-бет) дауыстап оқып шығыңыз.
6. Ашылған нәрсені тұжырымдайтын сұрақтарды қоюды жаттықтырыңыз.
7. *Түсіндірме-сұрақтарды қалай дайындау жайында* деген бөлімді талқылаңыз (10-13-беттер).
8. *Нақты тәжірибеге арналған сұрақтар* деген бөлімді талқылаңыз (14-15-беттер).
9. 2-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (15-бет).
10. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

4-курстың мақсаттары жайында қайта пікір алысу

4-курстың мақсаттары мынадай болған:

1. Құдаймен бірге өткізетін тыныш уақытыңызды төмендегі нәрселер арқылы бір ізді және мағыналы ету:
 - а. Киелі кітапты оқуды дұға етумен тиімді үйлестіру;
 - ә. Құдаймен бірге тыныш уақытты бір ізді түрде өткізуге 14 күн жұмсау.
2. *Мәсіхпен бірге бастау* бөліміндегі бес аятты және *Тақырып бойынша жаттау жүйесі* деген бөлімдегі алғашқы 24 аятты жаттап алу.
3. *Құдайға сенім артыңыз* (Б-сериясы) деген бөлімдегі келесі 12 аятты жаттау.
4. Киелі кітапты зерттеу тобының мүшесі ретінде *Мәсіхшінің жан дүниесі* (Шәкірт дайындау бағдарламасы, 4-кітап) деген бөлімді оқып талқылау. (4-курс барысында оқушының әрқайсысына *Киелі кітап оқудағы жетекшілік құжаттары* бойынша кем дегенде бір рет сабақ өткізуге мүмкіндік берілген болатын).
5. Сенбеуші адамдарға куәлік-әңгіме айтып немесе *“Көпір” арқылы берілген мысалдарды* түсіндіру және осы жайында топқа айтып беру.
6. ҚАРҚЫН дегеннің не екенімен танысып алып, Ізгі хабар айту тізімі мен Рухани өсуіңізді тексеру күнделігін қолдана бастау.
7. *Тақырып бойынша жаттау жүйесіндегі* алғашқы 36 аяттың тақырыптары мен сілтемелерін мұқият жаттап алу.
8. Киелі кітапты өмірде қолдану жайында бес баптан тұратын жоспарды құрастыруды үйреніп, оны кем дегенде бір рет пайдаланып көру. Осы жоспардың баптары мынандай:

а. _____

в. _____

ә. _____

г. _____

б. _____

9. Басқаларға Ізгі хабар айтудың басты негіздерін үйреніп, талқылау.

10. Жарты күнді дұға етумен өткізу.

Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 1-апта

2:7 серияның алғашқы курстарында сіз Киелі жазбаны жаттауға түрткі болатын бірнеше себептерді талқыладыңыз. Аяттарды жатқа білгеніміз бізге куәлік беруге, күнә мен қорқыныштан үстем болуға және Құдайдың сөзін өзіміздің күнделікті өмірімізде қолдануға көмектеседі. Сенуші адам үшін Киелі жазбаны жаттаудың тағы да бір тіршілікке қажет себебі бар, ол - осы дүниені сүймеу.

Жасырын, бүркеме, елеусіз қысым

Елші Пауыл “басқа ұлттық” Римдегі сенушілерге: “Бұл күнәкар дүниенің өмір сүру салтын үлгі етпеңдер”, - деп жазған. Жеңіс оны енжар күткен адамға емес, Құдайдың көмегімен жауға белсенді қарсы тұрған адамға келеді. Пауыл: “Ой-тілектерің Құдайдың жаңартуымен түбегейлі өзгерсін!”, - деген. Құдай ой-тілектерімізді қалай өзгертеді? Бұл күнәкар дүниенің қысымына қалай қарсы тұрып, жеңіске жете аламыз?

Осыған жауап беретін Киелі Рух пен Құдай сөзі. Пауыл Құдайдың “қауымды Өз сөзімен тазартып, қайта туғызып, қасиетті қылғаны” жайында айтады (Ефес. хат 5:26). Біз санамызды Киелі жазбаға толтырған сайын Құдайға өзіміздің ішкі дүниемізді өзгертуге мүмкіндік беріп, осы дүниенің қысымына қарсы тұруға Одан күш аламыз.

Аяттарды жаттаудың үш маңызды ережесі

1. *Әр аптада жаңа аяттар жаттап жүріңіз.* Адамдардың көпшілігі үшін жақсы қарқын - аптасына екі аяттан жаттап отыру болып табылады. Өзіңізге ыңғайлы қарқын таңдап алыңыз. Қандай мақсат қойсаңыз да, үнемі оған жетуге талпыныңыз. Ешқандай босаңсуға жол бермеңіз. Құдайдың өзіңізге үздіксіз көмектесетініне сеніңіз.

2. *Мұқабаныңдағы аяттарды әр күні қайталап жүріңіз.* Әлі жатталмаған аяттарды немесе дәл сол уақытта үйреніп жүрмеген аяттарды өзіңізбен бірге алып жүру әдетте аса ыңғайлы бола қоймас. Бұл жаттауға бөгет болады.

3. *Жаттаған аяттарыңызды мінсіздікке жетілдіру үшін оларды жиі қайталап жүріңіз.* Қорапшаңыздағы аяттарды оқтын-оқтын мұқабаныңдағы ішіне салып, қайталап жүріңіз. Аяттарды алмастырудың жиілігі жатталған аяттардың жалпы санына байланысты болады. Сіз 2:7 серияны бітіргенше Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқауларда әрбір топқа арналған аяттың қайталау мерзімі көрсетіледі.

Бұл үш ережелер неліктен сонша маңызды?

Бұл үш ережелер жаттау жоспарын табысты орындаудың негізін қалайды. Мұның себептері мынандай:

Аптаның соңына қарай жаңа аяттарды дәлме-дәл айтып бере алмасаңыз, былай ойлауыңыз мүмкін: “Келесі аптада мен жаңа аяттарды жаттамай-ақ қояйын; алдымен жақсылап жинақталып, осы аяттарды жаттап алайын, ал кейін әдеттегі жоспарыма оралатын болармын”. Осылай істесеңіз, сіз “Әр аптада жаңа аяттар жаттап жүріңіз” деген бірінші ережені бұзасыз. Бір аптада бұл кемшілікке

жол берсеңіз, онда келешекте де осындай кемшіліктің болуына дағдыланасыз. Сондықтан жаңа аяттарды жаттауды жалғастыра беріп, жақсы үйренбеген аяттарға қосымша уақыт бөлген дұрыс.

Аптаның соңына қарай жаңа аяттарды жатқа айтып бере алмасаңыз, мұның себебі “Мұқабаныңдағы аяттарды әр күні қайталап жүріңіз” деген екінші ережені бұзуда болар. Аяттарды күнде қайталап жүрсеңіз, оларды аптаның соңында айта алатын боларсыз.

Мұқабаныңдағы аяттарды күнде қайталау (2-ереже) - сізге жаңа аяттарды үнемі жаттауға (1) және жатталған аяттарды есте сақтауға (3) арналған құрал болып табылады.

Жаттау жоспарын табысты орындауға жеткізетін үш ереже осы болады. Аяттарды жаттау жайында осы уақытқа дейін үйренгеніңіз сізге осы ережелерді ұстануға көмектеседі.

Киелі кітаптағы жатталған аяттарды белгілеп жүріңіз

Жатталған аяттарды шеңбермен қоршап қойған пайдалы. Киелі жазбаны оқыған кезде олар сіздің назарыңызды өзіне аудартады. Түбіршіктер жоғалған жағдайда да осындай белгілер жатталған аяттардың тізімі ретінде қолайлы бола алады. Аяттарды Киелі жазбадағы кітаптардың біреуі бойынша да қайталауға болады.

Аяттарды жаттау зерігуге айналса, не істеу керек жайында

Аяттарды жаттау мен қайталау сізді жалықтыра бастаса, абыржымаңыз. Жазбаны есіңіз бен жүрегіңізге сақтаудың бір дағдылы әрекеті бар. Бұған арнайы әдістер мен зор шыдамдылық керек. Бірақ Құдай сөзінің сіздің жүрегіңізге ену барысы жалғаса бергенше аяттар сіз үшін шынайы өмірдің қайнар көзі болып қала береді.

Дегенмен, жаттау жұмысы сізге ескі әрі немқұрайлы болып көрінсе, мұны өзгертіп көруге болады. Осы аяттар жайында көбірек дұға етіп, ойланып толғаныңыз. Мұны бұрын істемеген болсаңыз, осындай жаттығу сіздің таңертеңгі тыныш уақытыңыздың бөлігіне айналсын. Сондай-ақ, аяттарды хаттар мен әңгімелеріңізде қолдануды бастаңыз. Құдай сөзі жайында басқа адамдармен бөліскен кезде сіз Оның сөзінің ғажап мағынасын жаңадан сезінесіз.

Киелі Рухқа өмірімізде жұмыс істеуге жол беру үшін біз Құдай сөзін жаттап, ол жайында ойланып-толғануымыз керек.

Өзін-өзі тексеру тапсырмасы

6-курста сіз осы нұсқаулар мен апталық жаттау жұмысы бойынша өзін-өзі тексеру тапсырмасын орындайсыз.

Осы курстың Тақырып бойынша жаттау жүйесі

Алдыңғы курстарда сіз *Тақырып бойынша жаттау жүйесі* бойынша алғашқы 36 аятты жаттадыңыз. Олар А. *Жаңа өмір сүріңіз*, Ә. *Мәсіх туралы айтыңыз* және Б. *Құдайға сенім артыңыз* деген бөлімдердегі аяттар болған. Ал алдағы қалған бөлімдер В. *Мәсіхтің шәкірті болыңыз* бен Г. *Мәсіхке ұқсас болыңыз*. 5-курста сіздің мына он екі аятты жаттауыңыз керек:

В. Мәсіхтің шәкірті болыңыз

Мәсіхті бірінші орынға қойыңыз
Осы күнәкар дүниені сүймеңіз
Табанды болыңыз
Басқаларға қызмет етіңіз
Жомарттықпен беріңіз
Осы әлемге куәлік етіңіз

Матай 6:33
Жохан. 1-хаты 2:15-16
Қорынт. 1-хат 15:58
Марқа 10:45
Нақыл сөз. 3:9-10
Елшілер. істері 1:8

Лұқа 9:23
Рим. хат 12:2
Еврей. хат 12:3
Қорынт. 2-хат 4:5
Қорынт. 2-хат 9:6-7
Матай 28:19-20

Түсіндірме - сұрақтарды қалай дайындау жайында

2 мен 3-курстарда сіз Киелі кітапты топта талқылауға арналған сұрақтардың үш түрімен таныстыңыз:

1. Жаңа нәрсе ашатын шолу сұрақтар
2. Түсіндірме-сұрақтар
3. Нақты тәжірибелі сұрақтар

Бұл құжаттар 2-курстың 25-бетінде, ал 3-курстың 18-20-беттерінде орналасқан. 3 пен 4-курстарда сізге Киелі кітап бойынша пікір алысу жүргізуге көмектесетін дайын сұрақтар ұсынылды. Алдағы бірнеше сабақ барысында сіз өзіңіздің түсіндірме-сұрақтарыңызды құрастыруды үйреніп, осыны жетілдіресіз. Басында сіз жетекшімен бірге жұмыс істейсіз, ал кейін осындай сұрақтарды үйіңізде өзіңіз дайындап, сабаққа алып келетін боласыз. Бұлай істегеніңіз сізге осындай сұрақтарды дайындауда жақсы дағдылануға көмектеседі.

Түсіндірме-сұрақ деген не?

Түсіндірме-сұрақ - өткен жауап жайында қойылатын сұрақ. Сондай-ақ, түсіндірме-сұрақты жаңа нәрсе ашатын шолу сұрақтың нақты жауабына (немесе оның бөлігіне) арналған сұрақ деп атауға да болады. Түсіндірме-сұрақ - бір бөлім жайында қойылған сұрақтан кейін пайда болатын табиғи қадам.

Түсіндірме-сұрақтың мақсаты қандай?

Түсіндірме-сұрақтың басты мақсаты - топтың әр мүшесіне талқыланып жатқан рухани шындықты анық әрі терең түсінуге көмектесу. Сонымен бірге түсіндірме-сұрақ Киелі жазбадағы үзіндінің мағынасына тереңірек үңілуге мүмкіндік береді.

Түсіндірме-сұрақтар арқылы тағы да мынандай төрт маңызды мақсатқа жетуге болады:

1. Пікір алысуды жандандыру.
2. Топ жүргізушісіне бір арнайы ойды баса айтуға көмектесу.
3. Оқушының толық емес немесе теріс түсінген сұрағын түсіндіріп беруге топ жүргізушісіне мүмкіндік беру.
4. Оқушылардың тақырыпты түсіну деңгейін және олардың рухани дәрежесі мен мүдделерін анықтауға топ жүргізушісіне көмектесу.

Түсіндірме-сұрақтардың он екі түрі

Сұрақтардың қандай түрін қолдансаңыз да, олар ұзақ емес әрі анық болуға тиіс. Яғни...

- * Сұрақ қысқа болу керек;
- * Сұрақта түсінуге қиын сөздер болмауы тиіс;
- * Сөйлемдер қарапайым болу керек. **Және мен бірақ** деген сөздерді қолданбауға тырысыңыз.

1. СИНОНИМДЕР

“_____ дегенді тағы да қандай сөзбен немесе сөйлеммен айтуға болады?”

2. АНЫҚТАУ

“_____ деген сөзге қандай синоним табуға болады?”

3. АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР

“_____ деген сөзді бір-екі сөйлеммен қалай түсіндірер едіңіз?”

4. ҰҚСАСТЫҚТАР

“_____ және _____ арасында сіздің ойыңызша қандай айырмашылық бар?”

“Сіз қалай ойлайсыз, _____ және _____”

5. ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҚТАР	_____ арасында қандай ұқсастық бар?” “ _____ дегенге қандай қарама-қарсылық мағына бар?”
6. БАЙЛАНЫС	“ _____ және _____ арасындағы байланыс қандай?”
7. МЫСАЛ	“Киелі кітаптан _____ көрсететін қандай мысал келтіре аласыз?” “Осындай жағдайға байланысты күнделікті өміріңізден қандай мысалдар келтіре аласыз?”
8. НЕГЕ?	“Басқа аяттарда _____ жайында баса айтылса, осы аятта неге _____ туралы айтылады?”
9. ТҮСІНДІРУ	“ _____ беттегі сызбаны қалай түсіндірер едіңіз?” “Осы үзіндіде көрсетілген жағдайда Пауылдың көзқарасында болған өзгерісті қалай түсіндірер едіңіз?”
10. ЕҢ...	“Осы екеуінің арасындағы ең _____ қайсысы деп ойлайсыз?”
11. САН / САПА	“ _____ қаншалықты маңызды деп ойлайсыз?” “ _____ қандай дәрежеде болуы тиіс?” “ _____ үшін _____ қаншалықты маңызды деп ойлайсыз?”
12. ҚАЛАЙ?	“Қиын жағдайдың бізге қандай пайдасы бар?” “Біздің азап туралы ойымыз басқаларды жұбату қабілетімізге қалай әсер ете алады?”

Әдетте “қалай” деген сұрақтар жалпы әрі қолдануға арналған сұрақтар болып табылады. Егер сұрақтар жеке, сырлы болмаса, оларды түсіндірме-сұрақтар ретінде қолдануға болады. Оларды жалпы әрі кең мөлшерлі ету үшін “сіз” немесе “сен” деген есімдіктердің орнына “біз”, “бізге” деген сөздерді қолданыңыз. Мысалы:

- * Нақты тәжірибелі сұрақ: *“Қиын жағдайдан біз өзімізге пайдалы не таба алатын едік?”*
- * Түсіндірме-сұрақ: *“Қиын жағдайдың қандай пайдасы бар?”*
- * Нақты тәжірибелі сұрақ: *“Біздің азап туралы ойымыз басқаларды жұбату қабілетімізге қалай әсер ете алады?”*
- * Түсіндірме-сұрақ: *“Адамның азап туралы ойы оның басқаларды жұбату қабілетіне қалай әсер ете алады?”*

ТҮСІНДІРМЕ-СҰРАҚТАРДЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

Түсіндірме-сұрақтардың он екі түрінің әрқайсысына бірнеше үлгі көрсетейік. Олар __ беттегі берілген үлгі бойынша құрастырылған.

1. Синонимдер

- a. *“Ағыл-тегіл мол өмір деген ұғымды тағы қандай сөздермен жеткізуге болады?”*
- ә. *“Рақым деген сөзді қандай сөзбен алмастырар едіңіз?”*

- б. “*Тірі құрбандық* дегенді басқа сөзбен айтып көріңіз?”
2. Анықтау
- а. “*Шындық* деген сөздің мағынасы қандай?”
- ә. “*Тәңір-Ие* деген сөзді қалай түсінесіз?”
- б. “*Еңбекші* деген сөзді қалай түсінесіз?”
3. Айырмашылықтар
- а. “*Мадақтау* мен *шүкіршілік айтудың* арасында қандай айырмашылық бар?”
- ә. “*Қорқыныш* пен *уайымдаудың* арасындағы өзгешелік қандай деп ойлайсыз?”
- б. “*Бірлік* пен *біркелкіліктің* арасындағы айырмашылық не?”
4. Ұқсастық
- а. “Кәдімгі сәби мен рухани сәбидің арасында қандай ұқсастық бола алады?”
- ә. “*Жарық* пен *тазалықтың* арасында қандай ұқсастық бар?”
- б. “Жазылған Сөз қандай жағынан дөнге ұқсас болып табылады?”
5. Қарама-қарсылық
- а. “Шындықтың қарама-қарсылығы не?”
- ә. “Жаңа ғана аталған жағдайларға қарама-қарсы жағдайлар қандай?”
- б. “*Жан тыныштығына* қарама-қарсы жағдайды қандай сөздермен сипаттайды?”
6. Байланыс
- а. “Сіз қалай ойлайсыз, шыдамдылық пен Құдайдың уәделерінің арасында қандай байланыс бар?”
- ә. “*Құдайдың билігі* мен *адамның Оған бой ұсынуы* бір-бірімен қалай байланысты?”
- б. “*Тәкаппарлық* пен *оқуға қабілетті болудың* арасында қандай байланыс бар?”
7. Мысалдар
- а. “Киелі Рухтың біреуге Киелі кітапты түсінуге көмектескеніне байланысты бірнеше мысалдар келтіріңіз?”
- ә. “Екеудің біреуден жақсы екеніне байланысты бірнеше мысалдар келтіріңіз?”
- б. “Шыдамсыздық жайында Киелі кітапта қандай мысалдар бар?”
8. Неге?
- а. “Қалай ойлайсыз, Еврей. хат 12:1-аятта неге *жарыс* деген сөз қолданылған?”
- ә. “Иса Иерусалим жайында неге жылады деп ойлайсыз?”
- б. “Риза болып, алғыс айту неге маңызды деп ойлайсыз?”
9. Түсіндіру
- а. “Тімоте. 2-хат 3:16-аятта не жайында айтылған?”
- ә. “Жақсы қауымға барып жүрген мәсіхшінің рухани жетілмегенін қалай түсіндіретін едіңіз?”
- б. “Осы жерде Освальд Сандерс не айтқысы келді?”
10. Ең...
- а. “Сіздің ойыңызша, Құдайдың осы қасиеттерінің ең айбындысы қайсысы?”
- ә. “Шеңбер” арқылы берілген мысалдарда сіз үшін ең маңызды жерлері қандай?
- б. “Сіз қалай ойлайсыз, ең аз күшті талап ететін дұға қандай болады?”
11. Сан / сапа

- а. “Біз басқа мәсіхшілерге өзіміздің қандай күнәларымыз туралы айтуға тиіспіз?”
 - ә. “Құдайдың еркін түсіну дәрежеміз қаншалықты толық болуы керек?”
 - б. “Киелі кітаптағы оқиғаларға қатысқан адамдардың куәліктері қаншалықты маңызды болып табылады?”
12. Қалай?
- а. “Сіз қалай ойлайсыз, біз мәсіхшілер ретінде бір-бірімізді қалай жетілдіре аламыз?”
 - ә. “Біз болашаққа ұмытылған жағдайда да, қазіргі уақытта да қалай өмір сүре аламыз?”
 - б. “Бұл қалай болады?”

ТҮСІНДІРМЕ-СҰРАҚТАРДЫ БАҒАЛАУ ЖАЙЫНДА

Мұқият дайындық ешқашан оңай болмайды. Киелі кітапты зерттеу сабақтарында тиімді қолданылатын жақсы түсіндірме-сұрақтарды дайындауға уақыт пен талпыныс керек болады. Өзіңіздің дайындаған сұрақтарыңызды бағалауға арналған сипаттамалар төменде келтірілген.

Сұрағыңыз...

БАҒЫТТЫ ҰСТАЙДЫ

Пікір алысуды ұйымдастырып, тереңдетіп, оны тұйыққа тірелуден сақтайды. Тақырыпқа қатысты емес мәселелер мен сұрақтарға ауытқып кетуден аулақ етеді.

АШЫҚТЫҚҚА ЖОЛ БЕРЕДІ

Жауаптар тар көлемде шектелген болмайды.

1. Тек “иә” немесе “жоқ” деп қана жауап беруден сақтайды.
2. Тым қарапайым жауап беруден де сақтайды.

ҚАРАПАЙЫМ

Сұрақ қысқа әрі анық түрде қойылады.

ӨЗ УАҚЫТЫНДА ҚОЙЫЛАДЫ

Сұрақ дәл орнымен және уақытымен қойылады.

1. Ол шолу сұрақтан кейін қисынды түрде қойылады.
2. Ол пікір алысудың ағымына табиғи түрде еніп кетеді.

СЕРГЕКТІК БЕРЕДІ

Өзара түсінісуді тереңдетіп, пікір алысуға сергектік береді.

1. Таныс тақырыптың мағынасын жаңартып, тереңдетеді.
2. Пікір алысуға қатысушыларды ерекше ынталандырады.

Нақты тәжірибелі сұрақтарды дайындау жайында


НАҚТЫ ТӘЖІРІБЕЛІ СҰРАҚТАРДЫ ҚАШАН ҚОЮ КЕРЕК?

Киелі кітапты зерттеу сабағында нақты тәжірибелі сұрақтар әдетте бір тарауды немесе бөлімді оқып бітіргеннен кейін қойылады. Барлық нәрсені баса айта беру - ештеңені баса айтпау болып табылады, сондықтан тәжірибелі сұрақтарды тым көп қоймаңыз.


НАҚТЫ ТӘЖІРІБЕЛІ СҰРАҚТАРДЫ ҚҰРАСТЫРУ

1. Осындай сұрақтар Киелі кітапты зерттеу сабағының бөлегі болған кезде оларды, мысалы, былай қоюға болады: “Қайсыларыңыз 18-сұраққа арналған жауаптарыңызды оқып бере аласыз?” (Біреулердің жауаптары тым жеке-сырлы болып, топта талқылануға келмесе, сондай адамдардың жауаптарын оқымай-ақ қоюға еркі бар. Мұндай жағдай кез келген тәжірибелі сұраққа қатысты).
2. Бес баптан тұратын жоспар тексерілген кезде сіз шамамен былай сұрай аласыз: “Арамыздағы бес баптан тұратын жоспарды жазып келген адамдарды тыңдайық” немесе “Бес баптан тұратын жоспарларыңызда не жазылған?”
3. Нақты тәжірибелі сұрақ алдын ала ескерілмеген кезде (жоғарыдағы 1 мен 2-баптардағы сияқты) төмендегі екі үлгілердің біреуін қолдануға болады:

а.



ә.



КИЕЛІ КІТАПТАҒЫ АҚИҚАТТАРДЫ ӨМІРДЕ ҚОЛДАНҒАН КЕЗДЕГІ ДҰҒА ЕТУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Топты басқарған кезде ондағы адамдардың өз өмірінде қолданатын жағдайлары туралы дұға етуі қажет екенін ұмытпаңыз. Олар қандай нәрсе болмасын асығып жазып алудан сақ болсын. Мұндай жағдайда өзіңіз үлгі көрсетуге тырысыңыз. Оқылған тақырыптан нені өмірде қолдану керек жайында шешім қабылдар алдында бірнеше күн қысқаша дұға етіп жүріңіз.

2-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

- 1 *Киелі жазбаны жаттау.* 8-9-беттердегі *Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 1-апта* деген бөлімді қайта оқып, *Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 2-апта* деген бөлімді де оқып бітіріңіз. “Мәсіхті бірінші орынға қойыңыз” деген бөлімдегі екі аятты жаттаңыз: Матай 6:33 және Лұқа 9:23. Келесі аптада аяттарды салатын қорапшаны ала келіңіз.
- 2 *Тыныш уақыт.* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
- 3 *Киелі кітапты зерттеу.* “Құдай - Кім?” деген бөлімнің 1-8-сұрақтарына жауап беріңіз (*Киелі кітап оқудағы жетекшілік*, 42-45-беттер).

2-сабақ

Сабақтың жоспары:

1. Аяттарды қайталау үшін топтарға бөлініп, “Мәсіхті бірінші орынға қойыңыз” деген бөлімдегі екі аятты қайталаңыз: Матай 6:33 және Лұқа 9:23.
2. Тыныш уақытта өзіңізге келген және *Киелі кітап оқу күнделігіңізге* белгілеген ойларыңызды айтып бөлісіңіз.
3. Сенбеуші адамдарға куәлік бергеніңіз жайында және оларға “*Көпір*” арқылы берілген мысалдарды түсіндіргеніңіз туралы айтып беріңіз.
4. Аяттарды салатын қорапшаңызды дұрыстап реттеңіз.
5. *Киелі кітап оқудағы жетекшіліктің* 1-тарауындағы “Құдай - Кім?” бөлімінің 1-8-сұрақтарын талқылаңыз (42-45-беттер).
6. Осы аптадағы Киелі кітапты зерттеу сабақтарында қолданылуы мүмкін түсіндірме-сұрақтар мен нақты тәжірибелі сұрақтарды талқылаңыз.
7. 3-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (17-бет).
8. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 2-апта

Шәкірт дайындау бағдарламасының он екі аяттан тұратын төртінші бөлімін оқығанда сіз бұрын қолданып жүрген мұқабаны қолдана бересіз. Әр аптада “Аяттар жайында” деген бөлімді оқып, “Сіздің апталық жоспарыңыз” деген бөлім бойынша жұмыс істеңіз.

Аяттар жайында

В БӨЛІМІ. МӘСІХТІҢ ШӘКІРТІ БОЛЫҢЫЗ

Иса айқышта біздің күнәларымыздың құнын өтегеннен кейін Оның қызметінің ең басты мақсаттарының бірі - Өзіне берілген, көбейе келе, бүкіл дүниеге әсер ететін бір топ шәкірттерді жинау болған.

Иса көптеген адамдарға уағыз айтқан, бірақ Ол кейде адамдарды, Өзінің соңынан ергісі келгендерді райынан қайтарғысы келген сияқты болып көрінді. Оған тек сөз жүзіндегі ғана шәкірттер керек болған жоқ. Иемізге өздерінің қайда бара жатқанын анық білетін және сенім артуға тұрарлық шынайы шәкірттер керек болған. Осы В бөлімінде Исаның өз шәкірттерінің бойынан көргісі келген алты қасиет аталады.

1-ТАҚЫРЫП. МӘСІХТІ БІРІНШІ ОРЫНҒА ҚОЙЫҢЫЗ

Иса Мәсіх өміріміздің Иесі болуы керек - қандай жағдай болса да, Ол бірінші орында тұруға тиіс. Сүйіспеншілігіміз бен жанқиярлығымызды Одан басқа ешкімге көбірек арнамауымыз керек. Забурда жазылғандай: “Өзіңнен басқа кімім бар еді көкте? Өзге ештеңе аңсамаймын жерде де!” (Забур жыр. 72:25)

Матай 6:33 - Исаның бізден қалайтыны - біздің ең алдымен Оның әділ еркін орындауға ерекше көңіл бөлуіміз. Осылай істесек, Ол біздің күнделікті тәндік мұқтаждықтарымыздың да қамын жейді. Өмірімізде Оның бірінші орында болғанына көз жеткізу үшін біз өзімізді үнемі бақылап жүруіміз керек.

Лұқа 9:23 - Біздің “МЕНіміз”, демек өзімізді өмірімізде Исадан жоғары орынға ие болғысы келеді. Ал Исаның айтуы бойынша Оның шәкірті болғысы келген әркім өз мүддесінен бас тартып, өзінен тануы тиіс.

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. В бөлімінің екі аятын (Матай 6:33 және Лұқа 9:23) мұқабаның мөлдір қалтасына салып қойыңыз. В бөлімінің басқа аяттарын қорапшаның артқы жағында сақтаңыз.
2. Алғашқы екі күнде бірінші аятты, ал келесі екі күнде екінші аятты жаттаңыз. А мен Ә бөлімдерінің аяттарын мұқабға салып, оларды күнде қайталап жүріңіз.
3. Аптаның соңында жатталған екі аятты жатқа жазып немесе біреуге айтып, өзіңізді тексеріңіз. Бүкіл курс бойы осылай істеңіз.

“Құдай - Кім?” деген бөлімге арналған түсіндірме-сұрақтар мен нақты тәжірибелі сұрақтар

(1-8-сұрақтар)

(Топ жүргізушісіне арналған)

Сұрақтың саны	Түсіндірме-сұрақ
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____

3-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Киелі жазбаны жаттау:* 18-беттегі *Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар 3-апта* деген бөлімді оқып бітіріңіз. “Осы күнәкар дүниені сүйемдер” деген бөлімдегі екі аятты жаттаңыз: Жохан. 1-хаты 2:15-16 және Рим. хат 12:2.
2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
3. *Киелі кітапты зерттеу:* “Құдай - Кім?” деген бөлімнің 9-18-сұрақтарына жауап беріп, *қорытындысындағы* бос жолдарды толтырыңыз (*Киелі кітап оқудағы жетекшілік*, 45-48-беттер).
4. *Әр түрлі жұмыстар:* Мүмкіндігінше *Бақылау күнделігіңіздің* барлық жерлеріне қол қойғызуға тырысыңыз. Келесі сабақта орындалған жұмыстарды белгілеңіз.

3-сабақ

Сабақтың жоспары:

1. Аяттарды қайталау үшін топтарға бөлініп, “Осы күнәкар дүниені сүймеңдер” деген бөлімдегі екі аятты қайталаңыз: Жохан. 1-хаты 2:15-16 және Рим. хат 12:2.
2. Тыныш уақытта өзіңізге келген және *Киелі кітап оқу күнделігіңізге* белгілеген ойларыңызды айтып бөлісіңіз.
3. Сенбеуші адамдарға айтқан куәлік-әңгімеңіз немесе “*Көпір*” арқылы берілген *мысалдарды* қалай түсіндіргеніңіз жайында айтып беріңіз.
4. *Киелі кітап оқудағы жетекшіліктің* 1-тарауындағы “Құдай - Кім?” бөлімінің 9-18-сұрақтары мен *қорытындысын* талқылаңыз (45-48-беттер).
5. Осы аптадағы Киелі кітапты зерттеу сабақтарында қолданылуы мүмкін түсіндірме-сұрақтар мен нақты тәжірибелі сұрақтарды талқылаңыз (20-бет).
6. 4-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (20-бет).
7. 4-сабақта Киелі кітапты зерттеу сабағын жүргізетін жетекшілерді тағайындаңыз.
8. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 3-апта

Аяттар жайында

2-ТАҚЫРЫП. ОСЫ КҮНӘКАР ДҮНИЕНІ СҮЙМЕҢДЕР

Біздің осы дүние мен ондағы адамдардан емес, Құдайға қарсы әрекет жасауға өзімізді итермелейтін осы дүниенің жүйесі мен көзқарастарынан тартынуға тиіс болуымыз керек. Бұл дүниеге билігін жүргізіп отырған шайтанды Иса “осы дүниенің әміршісі” деп атаса (Жохан 12:31, 14:30, 16:11), Пауыл оны “күнәкар дүниенің тәңірі” деп атаған. Осы дүниенің көзқарастарының азғын болғаны соншалық, Исаның Өзі олар жайында былай деген: “Адамдар бұларыңды жоғары бағалағанмен, Құдай алдында ол - жексұрындық” (Лұқа 16:15). Бірақ осы дүниенің көзқарасы бойынша өмір сүруден қашу - сенбеуші адамдармен жиі қатынаста болудан безу деген сөз емес. Құдай біздің оларға Ізгі хабарды жеткізгенімізді қалайды емес пе?


Жохан. 1-хаты 2:15-16 - Жоханның ескертетіні: осы күнәкар дүниені және ондағы нәрселерді сүю Құдай Әкеге деген сүйіспеншілікке қайшы келеді. Осы күнәкар дүниені жақсы көру былай сипатталады: “күнәкар адамның құмарлықтары”, яғни өз еркін мақұлдай беру, “көзінің қомағайлығы”, яғни иемдену ниеті және “мал-мүлікке мастануы”, яғни басқалардан жоғары болуға ұмтылуы.

Рим. хат 12:2 - Пауыл бізге осы дүниенің өмір сүру салтын үлгі етпей, қайта ой-тілектерімізді жаңарту керектігін айтады. Құдай сөзі туралы ойланып-толғану біздің ой-тілектерімізді өзгертеді.

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Жохан. 1-хаты 2:15-16 мен Рим. хат 12:2-аяттарды мұқабаныңыздың мөлдір қалтасына салып қойыңыз.

2. Өткен аптада жатталған екі аятты (Матай 6:33 пен Лұқа 9:23) мұқабаға, Б сериясының (“Құдайға сенім артыңыз”) басқа аяттарының артына (келесі беттегі суреттегідей) салып қойыңыз.



3. Енді он екі аяттың үстінде жатқан Б сериясының алғашқы екі аятын (Қорын. 1-хат 3:16 мен Қорын. 1-хат 2:12) алып, оларды қорапшаңызға салып қойыңыз (суреттегідей). *Мұны бұдан кейін де істелініп тұратын жаңа тәртіп ретінде есіңізге түйіп алыңыз.*
4. 5-курста істелетін тағы бір жаңа нәрсе мынандай: сіз мұқабаның басқа қалтасына рет бойынша А сериясының, содан соң Ә сериясының, ал кейін Б сериясының аяттарын салып жүретін боласыз. Осы қалтадағы серияны апта сайын басқасына ауыстырып жүріңіз. Сонымен, әр екі апта бойы сіз күн сайын әр серияның аяттарын қайталайтын боласыз. Дегенмен, қазір Б сериясының барлық аяттарын (алғашқы екеуінен басқа) енді ғана жатталған В сериясының аяттары орналасқан қалтада қалдыра тұрыңыз. А мен Ә серияларының аяттарын апта сайын өзара кезектестіріңіз (“Мәсіхпен бірге бастау” деген бөлімнің аяттарын А сериясының аяттарымен бірге сақтаңыз). Осы аптада А сериясының аяттарын Ә сериясының аяттарына алмастырыңыз.
5. Аяттарды әдеттегі ретпен жаттап, өзіңізді тексере беріңіз.

*“Құдай - Кім?” деген бөлімге арналған түсіндірме-сұрақтар мен
нақты тәжірибелі сұрақтар
(9-18-сұрақтар және қорытынды)*

Сұрақтың саны	Түсіндірме-сұрақ

4-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Киелі жазбаны жаттау:* 21-беттегі *Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар 4-апта* деген бөлімді оқып бітіріңіз. “Табанды болыңыз” деген бөлімдегі екі аятты жаттаңыз: Қорын. 1-хаты 15:58 және Евр. хат 12:3.
2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
3. *Киелі кітапты зерттеу:*
 - а. “Құдай сөзінің беделі” деген бөлімнің 1-9-сұрақтарына жауап беріңіз (*Киелі кітап оқудағы жетекшілік, 2-тарау, 49-51-беттер*).
 - ә. бетке 4-сабақтың Киелі кітапты зерттеу бөліміне арналған кем дегенде үш түсіндірме-сұрақ және екі нақты тәжірибелі сұрақ жазыңыз.

4-сабақ

Сабақтың жоспары:

1. Аяттарды қайталау үшін топтарға бөлініп, “ Табанды болыңыз” деген бөлімдегі екі аятты қайталаңыз: Қорынт. 1-хат 15:58 және Еврей. хат 12:3.
2. Тыныш уақытты Құдайдың өзіңізге не үйреткені жайында басқаларға айтып бөлісіңіз.
3. Сенбеуші адамдарға айтқан куәлік-еңгімеңіз немесе “*Көпір*” арқылы берілген мысалдарды түсіндіргеніңіз жайында айтып беріңіз.
4. Киелі кітапты зерттеу үшін ерлер мен әйелдер болып жеке топтарға бөлініңіздер. *Киелі кітап оқудағы жетекшіліктің* 2-тарауындағы “Құдай сөзінің беделі” бөлімінің 1-9-сұрақтарын талқылаңыз (49-51-беттер).
5. Топ жетекшілерінің әрқайсысының жұмысын қысқаша сын-талдаудан өткізіңіз.
6. Киелі кітапты зерттеу сабағына дайындалған үш түсіндірме-сұрақ пен екі нақты тәжірибелі сұрақты талқылаңыз (22-бет).
7. 5-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (22-бет).
8. 5-сабақта Киелі кітапты зерттеуді жүргізетін жетекшілерді тағайындаңыз.
9. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 4-апта

Аяттар жайында

3-ТАҚЫРЫП. ТАБАНДЫ БОЛЫҢЫЗ

Шынайы шәкірт қандай қиын тапсырма болса да, оны қайтсе де орындауға тырысады. Ол жарыстағы мәреге жеткісі келген спортшыдай талпынады.

Қорын. 1-хат 15:58 - Киелі кітаптың бізге беретін уәдесі мынандай: егер біз Құдайдың бізге тапсырған ісінде табандылық көрсетсек, онда біздің еңбегіміз ешқашан босқа кетпейді. Оның еркі бойынша біздің қайсарлығымыз толық табыспен аяқталып, Иеміздің сыйына ие боламыз.

Евр. хат 12:3 - Кейде біз сенбеуші адамдардың мазағына ұшырап, қудалау көруге мәжбүр боламыз. Біз жамандыққа жамандықпен қайтарудан, сондай-ақ сары уайымға салынудан аулақ болып, күнәкар адамдардың мазағы мен жауыздығына шыдаған Исадан үлгі алуымыз керек.

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Қорынт. 1-хат 15:58 пен Еврей. хат 12:3-аяттарды мұқабаның мөлдір қалтасына салып қойыңыз.
2. Өткен аптаның екі аятын (Жохан. 1-хаты 2:15-16 мен Рим. хат 12:2) мұқабадағы Б мен В серияларының аяттарының артына салып қойыңыз. Б сериясының алдындағы келесі екі аятты алып (Ишая 41:10 мен Філіпі. хат 4:13), қорапшаға салып қойыңыз.
3. Мұқабаның басқа қалтасынан Ә сериясының аяттарын алып, оларды А сериясының аяттарымен ауыстырыңыз.
4. Жаңа аяттарды жаттай беріңіз, сондай-ақ мұқабадағы басқа аяттарды да қайталап жүріңіз. Мұқабаны өзіңізбен алып жүріп, бос уақытыңызды аяттарды қайталау мен олар жайында ойлануға жұмсаңыз.

“Құдай сөзінің беделі” деген бөлімге арналған түсіндірме-сұрақтар мен нақты тәжірибелі сұрақтар
(1-9-сұрақтар)

Сұрақтың саны	Түсіндірме-сұрақ (үшеуден кем емес)

Сұрақтың саны	Түсіндірме-сұрақ (екеуден кем емес)

5-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. ***Киелі жазбаны жаттау:*** 23-беттегі *5-аптаның* нұсқауларын оқып, оларды талқылаңыз. “Басқаларға қызмет етіңіз” деген бөлімдегі бірінші аятты жаттаңыз: Марқа 10:45.
2. ***Тыныш уақыт:*** Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
3. ***Киелі кітапты зерттеу:*** “Құдай сөзінің беделі” деген бөлімнің 10-21-сұрақтарына жауап беріп, оның *қорытындысын* жасаңыз (*Киелі кітап оқудағы жетекшілік, 2-тарау, 51-55-беттер*).

5-сабақ

Сабақтың жоспары:

1. Аяттарды қайталау үшін топтарға бөлініп, “Басқаларға қызмет етіңіз” деген бөлімдегі бірінші аятты қайталаңыз: Марқа 10:45.
2. Тыныш уақытты Құдайдың өзіңізге не үйреткені жайында басқаларға айтып бөлісіңіз.
3. Сенбеуші адамдарға айтқан куәлік-әңгімеңіз немесе “*Көпір*” арқылы берілген мысалдарды қалай түсіндіргеніңіз жайында айтып беріңіз.
4. Киелі кітапты зерттеу үшін ерлер мен әйелдер болып жеке топтарға бөлініңіздер. *Киелі кітап оқудағы жетекшіліктің 2-тарауындағы* “Құдай сөзінің беделі” бөлімінің 10-21-сұрақтары мен қорытындысын талқылаңыз (51-55-беттер).
5. Топ жетекшілерінің әрқайсысының жұмысын қысқаша сын-талдаудан өткізіңіз.
6. Киелі кітапты зерттеу сабағына дайындалған үш түсіндірме-сұрақ пен екі нақты тәжірибелі сұрақты талқылаңыз (24-бет).
7. 6-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (24-бет).
8. 6-сабақта Киелі кітапты зерттеуді жүргізетін жетекшілерді тағайындаңыз.
9. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 5-апта

Аяттар жайында

4-ТАҚЫРЫП. БАСҚАЛАРҒА ҚЫЗМЕТ ЕТІҢІЗ

Исаның айқышта құрбан болуынан біраз уақыт бұрын Оның елшілері Мәсіхтің Патшалығында кімнің ең үлкен болатыны жайында дауласқанда, Иса оларға Оның патшалығында басқаларға қызмет еткен жанның орны ең жоғары болатынын ескертті.

Марқа 10:45 - Иса Мәсіхтің біз үшін Өзінің өмірін қиюы, басқаларға қызмет етудің шынайы және биік үлгісі болып табылады. Ол “Өзінің құдіреті мен салтанатты ұлылығынан Өз еркімен бас тартып, құлдың кейпін қабылдап, адам секілді дүниеге келіп, кәдімгі адамға ұқсап көрінді” (Філіпі. хат 2:7).

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Марқа 10:45-аятты мұқабаның мөлдір қалтасына орналастырыңыз.
2. Өткен аптаның екі аятын (Қорын. 1-хаты 15:58 мен Еврей. хат 12:3) мұқабадағы Б мен В серияларының аяттарының артына салып қойыңыз. Б сериясының алдындағы келесі екі аятты алып (Еремия. жоқтауы 3:22-23 мен Ру. санау 23:19), оларды Б сериясының бұрын алынған төрт аятымен бірге қойыңыз. Енді бұларды мұқабаның басқа жағына салып, А сериясын алып шығыңыз. Ә сериясының аяттарын күнде қайталап жүру үшін оларды қайта сол орынға салып қойыңыз.
3. Әдеттегі ретпен аяттарды жаттап қайталай беріңіз.
4. Жаттаған аяттардың контекстін түсіну маңызды екенін ұмытпаңыз. Бұл сізге аяттардың мағынасын толығырақ түсінуге көмектеседі.

“Құдай сөзінің беделі” деген бөлімге арналған түсіндірме-сұрақтар мен нақты тәжірибелі сұрақтар
(10-21-сұрақтар мен қорытындысы)

Сұрақтың саны	Түсіндірме-сұрақ

Сұрақтың саны	Түсіндірме-сұрақ

6-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Киелі жазбаны жаттау:* 25-беттегі *6-аптаның* нұсқауларын оқып, оларды талқылаңыз. “Басқаларға қызмет етіңіз” деген бөлімдегі екінші аятты жаттаңыз: Қорынт. 2-хаты 4:5.
2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
3. *Киелі кітапты зерттеу:*
 - а. “Киелі Рух” деген бөлімнің 1-13-сұрақтарына жауап беріңіз (*Киелі кітап оқудағы жетекшілік*, 3-тарау, 57-60-беттер).
 - ә. 26-бетке 6-сабақтың Киелі кітапты зерттеу бөліміне арналған кем дегенде үш түсіндірме-сұрақ және екі нақты тәжірибелі сұрақ жазыңыз.
4. *Әр түрлі жұмыстар:* Келесі аптада *Бақылау күнделігіңізді* тексертіп, оған қол қойғызу үшін ондағы істелуге тиіс барлық жұмыстарды бітіруге тырысыңыз.

6-сабақ

Сабақтың жоспары:

1. Аяттарды қайталау үшін топтарға бөлініп, “Басқаларға қызмет етіңіз” деген бөлімдегі екінші аятты қайталаңыз: Қорынт. 2-хат 4:5.
2. Тыныш уақытта өзіңізге келген ойларыңызды айтып бөлісіңіз.
3. Сенбеуші адамдарға айтқан куәлік-әңгімеңіз немесе “*Көпір*” арқылы берілген мысалдарды қалай түсіндіргеніңіз жайында айтып беріңіз. (Кейін, дұға еткен кезде осындай адамдар жайында Құдайға айтыңыз).
4. Киелі кітапты зерттеу үшін ерлер мен әйелдер болып жеке топтарға бөлініңіздер. *Киелі кітап оқудағы жетекшіліктің* 3-тарауындағы “Киелі Рух” бөлімінің 1-13-сұрақтарын талқылаңыз (57-60-беттер).
5. Топ жетекшілерінің әрқайсысының жұмысын қысқаша сын-талдаудан өткізіңіз.
6. Киелі кітапты зерттеу сабағына дайындалған үш түсіндірме-сұрақ пен екі нақты тәжірибелі сұрақты талқылаңыз (26-бет).
7. 7-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (26-бет).
8. 7-сабақта Киелі кітапты зерттеуді жүргізетін жетекшілерді тағайындаңыз.
9. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 6-апта

Аяттар жайында

4-ТАҚЫРЫП. БАСҚАЛАРҒА ҚЫЗМЕТ ЕТІҢІЗ

Басқаларға шын көңілмен қызмет ету әрқашан оңайға түсе бермейді. Біз барлығымыз басқаларға қызмет етуден гөрі керісінше көп жағдайда біреудің өзімізге қызмет етуін ұнатамыз. Бірақ біз Иеміз Исаға бола басқаларға қызмет етуіміз керек.

Қорынт. 2-хат 4:5 - Пауыл Мәсіхтің билігіне толығымен бой ұсынып еңбек етті, сонымен бірге ол өте кішіпейіл болды. Адамдарға Ізгі хабар айтқанда ол Мәсіхке бола соларға қызметші болып жүрді.

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Қорынт. 2-хат 4:5-аятты мұқабаның мөлдір қалтасына салып қойыңыз.
2. Өткен аптада жатталған аятты (Марқа 10:45) мұқабаға, Б мен В серияларының басқа аяттарының артына салып қойыңыз.
3. Мұқабадағы Б сериясынан тағы бір аятты (Ишая 26:3) алып, оны осы серияның басқа алты аяттарымен бірге қорапшаға салып қойыңыз.
4. Мұқабадан Ә сериясының аяттарын алып шығып, онда А сериясының аяттарын салып қойыңыз.
5. Әдеттегі рет бойынша аяттарды жаттап қайталай беріңіз.
6. А сериясын қайталаған кезде *Мәсіхпен бірге бастау* бөлімінің аяттарын да қайталауды ұмытпаңыз.

“Киелі Рух” деген бөлімге арналған түсіндірме-сұрақтар мен нақты тәжірибелі сұрақтар
(1-13-сұрақтар)

Сұрақтың саны	Түсіндірме-сұрақ (үшеуден кем емес)
Сұрақтың саны	Түсіндірме-сұрақ (екеуден кем емес)

7-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Киелі жазбаны жаттау*: 27-беттегі 7-аптаның нұсқауларын оқып, талдаңыз. “Жомарттықпен беріңіз” деген бөлімдегі бірінші аятты жаттаңыз: Нақыл сөз. 3:9-10.
2. *Тыныш уақыт*: Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
3. *Киелі кітапты зерттеу*: “Киелі Рух” деген бөлімнің 14-22-сұрақтарына жауап беріп, оның қорытындысын жасаңыз (*Киелі кітап оқудағы жетекшілік*, 3-тарау, 60-63-беттер).
4. *Әр түрлі жұмыстар*: Келесі сабаққа дайындалғанда 4-курстың 2-сабағындағы ҚАРҚЫН деген бөлімді қайта оқып шығыңыз (15-20-беттер). Келесі сабаққа 4-курс оқулығын ала келіңіз.

7-сабақ

Сабақтың жоспары:

1. Аяттарды қайталау үшін топтарға бөлініп, “Жомарттықпен беріңіз” деген бөлімдегі бірінші аятты қайталаңыз: Нақыл сөз. 3:9-10.
2. Тыныш уақытта өзіңізге келген ойларыңызды айтып бөлісіңіз.
3. Сенбеуші адамдарға айтқан куәлік-әңгімеңіз немесе “*Көпір*” арқылы берілген мысалдарды қалай түсіндіргеніңіз жайында айтып беріңіз.
4. Киелі кітапты зерттеу үшін ерлер мен әйелдер болып жеке топтарға бөлініңіздер. *Киелі кітап оқудағы жетекшіліктің* 3-тарауындағы “Киелі Рух” бөлімінің 14-22-сұрақтары мен *қорытындысын* талқылаңыз (60-63-беттер).
5. Топ жетекшілерінің әрқайсысының жұмысын қысқаша сын-талдаудан өткізіңіз.
6. ҚАРҚЫН бөлімі: Рухани өсуіңізді тексеру күнделігінің және Ізгі хабар айту тізімінің 4-курста қолданудың қаншалықты табысты болғанына баға беріңіз.
7. Осы курста ҚАРҚЫН бөліміне байланысты екі жаңа күнделік қаралады: сіздің жеке күнделігіңіз және дұғалар мен олардың жауаптары күнделігі.
8. 8-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (28-бет).
9. 8-сабақта Киелі кітапты зерттеуді жүргізетін жетекшілерді тағайындаңыз.
10. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 7-апта

Аяттар жайында

5-ТАҚЫРЫП. ЖОМАРТТЫҚПЕН БЕРІҢІЗ

Құдай біз үшін Өзінің ең сүйікті Ұлын құрбандыққа берді. Иса Мәсіхтің шынайы шәкірті де еш аямай, жомарттықпен береді. Македониядағы сенушілер осыған үлгі болды. Елші Пауыл олар туралы былай деді: “Қолдарынан келгенше, тіпті мүмкіндіктерінен де артық, кең пейілдік танытқандарына мен куәмын” (Қорынт. 2-хат 8:3). “Олар өздерін алдымен Иемізге” бағыштағандықтан осылай істей алды (5-аят).

Нақыл сөз. 3:9-10 - Сүлеймен бізге басыбайлы берудің негізін жеткізу үшін егінші арқылы берілген мысалды пайдаланып, мынаны айтқысы келді: біз Құдайдың байлығын ешқашан беріп тауыса алмаймыз. Ал, Құдай бізді өзімізге керек барлық нәрсемен асыра қамтамасыз етуге уәде береді.

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Нақыл сөз. 3:9-10-аят жазылған түбіртектерді мұқабадағы мөлдір қалтаға салып қойыңыз. Өткен аптада жатталған аятты (Қорынт. 2-хат 4:5) мұқабаға, Б мен В серияларының басқа аяттарының артына салып қойыңыз.
2. А сериясының алты аятын Ә сериясының аяттарымен айырбастаңыз.
3. Мұқабадағы Б сериясынан тағы бір аятты (Петір. 1-хаты 5:7) алып, оны қорапшадағыосы серияның басқа жеті аятыныңжанына салып қойыңыз.
4. Әдеттегі рет бойынша аяттарды жаттап қайталай беріңіз. Ойланған аяттарыңызды достарыңызбен сөйлескенде немесе біреуге хат жазғанда қолданып, олар арқылы адамдарға бата беруге тырысыңыз.

ҚАРҚЫННЫҢ негізгі бөлектерін қайталау

“Жарысқа түскен жүйріктердің бәрі жүгіріп, біреуі ғана жүлдеге ие болатынын білесіңдер. Сендер де “жүлдеге” ие болатындай Мәсіх жолымен “жүгіріңдер”! Әрбір жарыскер барлық жағынан қатаң ұстамдылық танытады. Оның алғысы келетіні - солып қалатын гүлдәстесі ғана, ал біздің алатынымыз - мәңгі солмайтын “жеңіс төжі”! Сондықтан мен мақсатсыз жүгіріп жүргем жоқ, жұдырығымен ауаны босқа ұрған боксшы сияқты да емеспін. Қайта, басқаларды рухани күреске шақырған мен “жүлде” бөліскенде құр алақан қалмау үшін тәнімді ауыртпалықтарға душар еткізіп, өзіме бағындырып жатырмын”.

- Қорынт. 1-хат 9:24-27

Бұл үзінді мәсіхшінің өмірін жүгіру жарысына ұқсастырады. Мұнда дұрыс мақсаттар қою, оларға жету барысында ұстамды болу және өмір жолында ақылды болу жайында айтылған. ҚАРҚЫН бөлімінің төрт құжаты сізге осы жарыста жеңіп шығуға көмектеседі:

- С - Сіздің жеке күнделігіңіз
- Д - Дұғалар мен олардың жауаптары
- Т - Рухани өсуіңізді тексеру
- І - Таныс адамдарға Ізгі хабар айту

4-курста бұл құжаттар жайында айтылған болатын. Сол кезде біз Рухани өсуіңізді тексеру күнделігімен және Ізгі хабар айту тізімімен жұмыс істедік. Бұл курста біз Сіздің жеке күнделігіңізбен және Дұғалар мен олардың жауаптары құжаттарымен жұмыс істейміз.

11-сабаққа мынандай тапсырмаларды орындау керек болады:

Сіздің жеке күнделігіңіз - Келесі төрт апта бойы сіз кем дегенде үш ой жазуыңыз керек. Осы үш ойды бір аптаның ішінде жазуға болмайды.

Дұғалар мен олардың жауаптары - Бестен кем болмайтын өтініш жазу керек. Олар жайында екі апта бойы, кем дегенде аптасына бес күн дұға етіңіз. (Осы кітаптың соңында өз өтініштеріңіз бен Құдайдан алған жауаптарды жазуға арналған парақтарды табасыз).

ҚАРҚЫННЫҢ осы құжаттарымен істеген жұмысыңыздың нәтижелері 11-сабақта талқыланады.

8-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Киелі жазбаны жаттау*: 29-беттегі *8-аптаның* нұсқауларын оқып орындаңыз. “Жомарттықпен беріңіз” деген бөлімдегі екінші аятты жаттаңыз: Қорынт. 2-хат 9:6-7.
2. *Тыныш уақыт*: Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
3. *Киелі кітапты зерттеу*: “Рухани соғыс” деген бөлімнің 1-14-сұрақтарына жауап беріңіз (*Киелі кітап оқудағы жетекшілік*, 4-тарау, 65-68-беттер).

8-сабақ

Сабақтың жоспары:

1. Аяттарды қайталау үшін топтарға бөлініп, “Жомарттықпен беріңіз” деген бөлімдегі екінші аятты қайталаңыз: Қорынт. 2-хат 9:6-7.
2. Тыныш уақытта өзіңізге келген ойларыңызды айтып бөлісіңіз.
3. Сенбеуші адамдарға айтқан куәлік-әңгімеңіз немесе “*Көпір*” арқылы берілген мысалдарды қалай түсіндіргеніңіз жайында айтып беріңіз.
4. Киелі кітапты зерттеу үшін ерлер мен әйелдер болып жеке топтарға бөлініңіздер. *Киелі кітап оқудағы жетекшіліктің* 4-тарауындағы “Рухани соғыс” бөлімінің 1-14-сұрақтарын талқылаңыз (65-68-беттер).
5. Топ жетекшілерінің әрқайсысының жұмысын қысқаша сын-талдаудан өткізіңіз.
6. 9-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (29-30-бет).
7. 9-сабақта Киелі кітапты зерттеуді жүргізетін жетекшілерді тағайындаңыз.
8. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 8-апта

Аяттар жайында

5-ТАҚЫРЫП. ЖОМАРТТЫҚПЕН БЕРІҢІЗ

Пауыл өзінде барын жомарттықпен беретін, сондай-ақ оның құрған қауымдарында да мейірімділік пен жомарттық болған. Басқаларға қызмет етіп, жомарттықпен бергендерді Пауыл мақтайтын болған.

Қорынт. 2-хат 9:6-7 - Бұл аяттарда Пауыл берушіні егіншімен салыстырады. Біз жомарттықпен берсек ғана жомарт жинайтын боламыз. Құдайға не беретініміз - оңаша жағдай. Арамыздағы әрқайсымыз Құдайдың қуанышпен беретіндерді ұнататынын есте сақтап, Оның өзімізге деген еркін білуге талпынуымыз керек.

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Қорынт. 2-хат 9:6-7-аяттар жазылған түбіртектерді мұқабадағы мөлдір қалтаға салып қойыңыз. Өткен аптада жатталған аятты (Нақыл сөз. 3:9-10) мұқабаға, Б мен В серияларының басқа аяттарының артына салып қойыңыз.
2. Мұқабадағы Б сериясынан тағы бір аятты (Рим. хат 8:32) алып, оны қорапшадағы осы серияның аяттарының жанына салып қойыңыз.
3. Мұқабаның басқа қалтасындағы Ә сериясының аяттарын алып, орнына А сериясының аяттарын салыңыз.
4. Әдеттегі рет бойынша аяттарды жаттап, қайталай беріңіз.

9-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Киелі жазбаны жаттау*: 31-беттегі *9-аптаның* нұсқауларын оқып, орындаңыз. “Осы әлемге куәлік етіңіз” деген бөлімдегі бірінші аятты жаттаңыз: Елшілер. істері 1:8.
2. *Тыныш уақыт*: Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
3. *Киелі кітапты зерттеу*: “Рухани соғыс” деген бөлімнің 15-22-сұрақтарына жауап беріп, оның *қорытындысын* жасаңыз (*Киелі кітап оқудағы жетекшілік*, 4-тарау, 69-71-беттер).

4. *Басқа да жұмыстар:*

- а. *Қажетті нәрселердің тізімін пайдалану жайында* бөліміндегі (31-33-беттер) мен *Апталық және күнделікті жоспарлау* бөліміндегі (33-34-беттер) құжаттарды оқыңыз.
- ә. Келесі аптада *Бақылау күнделігіңізді* тексертіп, оған қол қойғызу үшін ондағы істелуге тиіс барлық жұмыстарды бітіруге тырысыңыз.

9-сабақ

Сабақтың жоспары:

1. Аяттарды қайталау үшін топтарға бөлініп, “Осы әлемге куәлік етіңіз” деген бөлімдегі бірінші аятты қайталаңыз: Елшілер. істері 1:8.
2. Тыныш уақытта өзіңізге келген ойларыңызды айтып бөлісіңіз.
3. Сенбеуші адамдарға айтқан куәлік-әңгімеңіз немесе “*Көпір*” арқылы берілген мысалдарды түсіндіргеніңіз жайында айтып беріңіз.
4. Киелі кітапты зерттеу үшін ерлер мен әйелдер болып жеке топтарға бөлініңіздер. *Киелі кітап оқудағы жетекшіліктің* 4-тарауындағы “Рухани соғыс” бөлімінің 15-22-сұрақтары мен оның *қорытындысын* талқылаңыз (69-71-беттер).
5. Топ жетекшілерінің әрқайсысының жұмысын қысқаша сын-талдаудан өткізіңіз.
6. *Қажетті нәрселердің тізімін пайдалану жайында* бөліміндегі (31-33-беттер) мен *Апталық және күнделікті жоспарлау* бөліміндегі (33-34-беттер) құжаттарды талқылаңыз.
7. 10-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (34-бет).
8. 10-сабақта Киелі кітапты зерттеуді жүргізетін жетекшілерді тағайындаңыз.
9. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 9-апта

Аяттар жайында

6-ТАҚЫРЫП. ОСЫ ӘЛЕМГЕ КУӘЛІК ЕТІҢІЗ

Исаның Өз шәкірттеріне айтқан соңғы сөздері Оның ең алдымен осы дүниедегі адамдардың қамын ойлайтынын білдіреді.

Елшілер. істері 1:8 - Иса Киелі Рухтың құдіреті шәкірттерді Құдайдың куәгерлеріне айналдырады деп уәде берді, Ол бұл істің дәл сол сөздер айтылған жерден бастап дүниенің шетіне дейін тарайтынын айтты.

Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Елшілер. істері 1:8-аят жазылған түбіртектерді мұқабадағы мөлдір қалтаға салып қойыңыз. Өткен аптада жатталған аятты (Қорынт. 2-хат 9:6-7) мұқабаға, Б мен В серияларының басқа аяттарының артына салып қойыңыз.
2. Мұқабадағы Б сериясынан тағы бір аятты (Філіпі. хат 4:19) алып, оны қорапшадағы осы серияның басқа аяттарының жанына салып қойыңыз.
3. Мұқабаның басқа қалтасындағы А сериясының аяттарын алып, орнына Ә сериясының аяттарын салып қойыңыз.

Қажетті нәрселердің тізімін пайдалану жайында

Уақытты тиімді пайдалану жайындағы кітаптар мен мақалаларды оқып, семинарларға қатысып көрген болсаңыз, сіз, сірә, қажетті нәрселердің тізімін жасап жоспарлаудың ең кең тараған және жиі ұсынылатын әдісі екеніне келісетін шығарсыз.

Қажетті нәрселердің тізімін жасап, қолдану оңай, сондай-ақ жеке өмір, жұмыс, отбасы немесе рухани қызмет саласында да оның пайдасы керемет.

Қажетті нәрселердің тізімі деген - істелуі тиіс жұмыстардың тізімі. Оны құрастыру үшін дәптер немесе бір қалың парақ керек болады. Біткен жұмыстың жанына белгі қоя аласыз. Бұл сізге қандай істің аяқталғанын, ал қандай істің сізді әлі де күтіп тұрғанын көрсетеді.

Сіз күнделікті тізімді үнемі қолдана аласыз. Сонымен бірге апталық жоспардың, ал кейде болашақ жоспардың да пайдасы көп бола алады.

КҮНДЕЛІКТІ ТІЗІМ

Егер сіз өзіңізді күннің басында сергек сезінсеңіз, онда күнделікті тізімді сізге таңертең жасаған дұрыс болар. Сіз бұны ұйқыдан тұра салып немесе тыныш уақыттан кейін, я болмаса жұмысқа кетпей тұрып істей аласыз.

Бұның басқа ыңғайы: тізімді күн бойында жасау. Осылай істесеңіз, сіз ертеңіне жоспарлауға уақытыңызды кетірмей, жұмыстарыңызға бірден кірісіп кете аласыз.

Күн барысында тізіміңізге бірнеше рет қарап жүріңіз. Алдымен ең маңызды істерге көңіл бөліңіз.

АПТАЛЫҚ ТІЗІМ

Апталық тізімді жасағанда екі әдіс қолдануға болады. Біріншісі - келесі жеті күннің ішінде өзіңіздің анық істеймін деген жұмыстарыңыздың тізімін жасау. Сіз жазғаныңыздан артық істемесеңіз, одан кем істемейтін шығарсыз.

Екіншісі - адамдардың көпшілігі қолданатын әдіс. Алдымен, сіз келесі аптада мүмкіндігінше істегіңіз келетін жұмыстардың барлығын жазып шығарсыз. Мұны “арман-тізім” деп атауға да болады, өйткені ол іске асуы мүмкін емес тізім. Онда сіздің жеті күнде істей алатыныңыздан көбірек жазылған. Осындай тізімнен сіз нақты істей алатын немесе істелуге тиіс жұмыстарыңызды таңдай аласыз.

БОЛАШАҚ ТІЗІМ

Болашақ тізім кейде “қосымша” жұмыстарды енгізе алады. Бұл - күнделікті немесе апталық тізімдердегі орындалмай қалып, сондай-ақ келешекте ыңғайы келгенде істегіңіз келетін жұмыстар да бола алады.

Сонымен бірге болашақ тізімге қазір істеуге жағдай жоқ, бірақ бірнеше аптадан (немесе айдан) кейін істелуі тиіс жұмыстарды енгізуге болады. Кейін ұмытып кетпеу үшін оларды қазір жазып қойыңыз.

Әр жұмыстың шамамен бітіру мерзімін де оның жанына белгілеп қою да пайдалы болады.

Өзіңізде күнтізбек бар болса болашақ тізіміндегі нәрселерді сол күнтізбектегі мерзімдердің жанына жаза аласыз.

ҮШ ТІЗІМНІҢ ҮЛГІЛЕРІ

Күнделікті тізім:

5-ақпан

Қайратқа телефон соғу

Кешке жиналатын тобымыз үшін дұға ету

Көкөніс сатып алу

Ержан мен Салтанатқа хат жазу

Тоқтың ақшасын төлеу

Бауыржанға телефон соғу

Еврей. хаттан 3-тарауды оқу

Апталық тізім:

4-10-ақпан

Мәшиненің бөлшегін айырбастау

Киелі кітапты зерттеу- Тимоте. хат 4-т.

Мәшинедегі сайманды айырбастау

Киелі кітапты зерттеу- Тимоте. хат 4-т.

Демалыс күні шешеме барып келу

Сенбі күні отбасыммен тауға бару

Рауан мен Сәулеге хат жазу

Жиһаз алу жайында шешім қабылдау

Пәтердің ақшасын төлеу

Жанатпен кездесу

Болатқа телефон соғу

Маркалар сатып алу

Жақсылыққа телефон соғу

Тіс дерігеріне жазылу

Шаңғы тебу

Ғалымжан мен Нұргүлге хат жазу

4-наурызда болатын жиналысқа

Қанатпен сөйлесу

Болашақ тізім:

Шайтан туралы оқу

Үйдегі тұсқағазды ауыстыру

Жақыптың келесі жылғы оқуына

ақшамыздың жағдайын қарастыру

Жазғы демалыс туралы ойлану

Фотосуреттерді шығару

Кіреберістегі еденді сырлау

Апталық және күнделікті жоспарлау

ЖОСПАРЛАУ УАҚЫТЫ

Бір аптаға жоспар жасау үшін әдетте тоғыз-он минөт уақыт керек. Кейбір күрделі жағдайларда бұдан да көп уақыт керек болуы мүмкін. Жоспарлауды сенбі немесе жексенбі күндері істеуге болады, себебі ол кезде сіз істелуі тиіс жұмыстар жайында асықпай ойлана аласыз. Апталық жоспарды дүйсенбі күні таңертең жасаған дұрыс деп санайтын да адамдар бар. Өзіңіз үшін ең дұрыс уақытты табыңыз.

ЖОСПАРЛАУДЫҢ ҮЛГІСІ

Апталық жоспарлауды күнделікті тізіммен үйлестірген өте пайдалы болады. Бұл өте қарапайым, бірақ, сонымен бірге өте тиімді ыңғай. Төмендегі нұсқаулар сізге осы жоспарлау үлгісі бойынша жұмыс істеуге көмектеседі.

Апталық тізім жасаңыз

Осы аптада істегіңіз келетін барлық нәрселерді жазып шығыңыз. Жоғарыда айтылғандай бұл - “арман-тізім” болып табылады. Әзірше осы жұмыстардың қайсылары ең маңызды және олардың қайсыларын істеуге мүмкіндік бар екендігі жайында ойланбай, тек тізімді жасап қойыңыз.

Жасалған тізіміңізді қарап шығыңыз

Тізіміңізді қарағанда, оны бағалап, ол жайында дұға етіңіз. Осыған екі-үш кейде, мүмкін, он бес минөттей уақыт кетуі мүмкін. Содан кейін ең алдымен істелуге тиіс нәрселерді анықтап алыңыз. Кейбір нәрселерді осы аптада бітіру керек болғанымен, басқаларды кейін істеуге болады.

Әр істің маңыздылығын анықтауға көмектесетін үш ереже бар:

Мерзім - Үйдің ақшасы уақытымен төленуі тиіс. Киелі кітапты зерттеу сабағының тапсырмасы сабақтың алдында орындалу керек. Сөйтіп бүгін немесе осы аптада бірдеңенің істелуінің маңыздылығы - мерзім болып табылады.

Қажеттілік - Әр жұмыстың біршама маңыздылығы да оның приоритетін анықтайды. Мысалы, дұға ету, жұбайыңызбен бірігіп жоспар құру, біреуге қауырт мазмұнды хат жазу сияқты жағдайлар да маңызды болып табылады.

Алдын ала істелетін нәрселер - Кейбір маңызды жұмыстарды істеу үшін оларға байланысты алдын ала істелінетін жұмыстар бар. Мысалы, үкіметке салық төлеу үшін бірінші мұның қалай істелетіні жайында қажетті мәлімет жинап алу керек. Сондай-ақ, біреумен кездесер алдында осы жөнінде телефон арқылы келісіп алу керек.

Маңызды жұмыстарды істейтін күндерді анықтаңыз

Кейбір нәрселерді “өте маңызды істер” деп атап қоюға да болады. Әр аптаның кейбір күндерінде сіз әдеттегі жұмыстарыңызбен қоса осындай маңызды істердің біреуін де бітіре аласыз. Тұрақты түрде болып тұратын кездесулеріңізді де апталық кестеңізге енгізіңіз.

Сіз апталық тізіміңіздегі көп нәрселерді келесі аптаның әр түрлі күндерінде орындауды жоспарлай аласыз. Мұның басқа жолы - осындай жұмысты бітіруді әр күн жақындаған сайын жоспарлау.

Дүйсенбіге арналған тізімдегі нәрселерді олардың маңыздылығы бойынша нөмірлеңіз

Сіз дүйсенбі күнге арналған басты жұмыстарды, кездесулерді және басқа нәрселерді жоспарлап қойған шығарсыз. Ал қазір сіз дүйсенбі күні істегіңіз келетін тағы да басқа нәрселерді жазып, оларды маңыздылық реті бойынша нөмірлеп қоя аласыз. Құдайдан ақыл сұрап, қандай маңызды жұмыстарды алдымен бітіру керектігі жайында шешім қабылдаңыз.

Сонымен, сіз аптаның жалпы жоспарын және дүйсенбінің нақты жоспарын жасадыңыз. Дүйсенбіде істелмей қалған нәрсені сейсенбінің немесе басқа күннің жоспарына енгізіңіз.

Күнделікті тізімді жасағанда оны апталық тізіммен салыстырып отырыңыз

Болашақ тізімді қолданып жүрген болсаңыз, оған да қарап қоюыңызға болады. Дегенмен, күнделікті тізім - сізге зор көмек беретін басты құралыңыз. Ал, апталық жоспар - күнделікті тізімді апта бойы жасаудың негізі болып табылады.

Апта аяқталғанда сіз қайтадан апталық тізім жасайсыз. Сіз кейбір нәрселерді өткен аптаның тізімінен жаңа аптаның тізіміне көшіруге мәжбүр болуыңыз мүмкін. Жаңа аптаның тізіміне болашақ тізімдегі нәрселерді де енгізуге болады.

Киелі Рухтың сізді қайда жетелегісі келетінін сезінуге тырысыңыз. Күнделікті және апталық тізімдерді дұға етіп жасап, барлық жұмысыңызды Құдай сөзінің негіздері бойынша істеңіз.

1-курстағы “Қауырт істің езгісі” деген Чарльз Хэммелдің мақаласын қайта оқып шыққаныңыз пайдалы болады (21-25-беттер).

10-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Киелі жазбаны жаттау:*

а. 35-беттегі *10-аптаның* нұсқауларын оқып, талдаңыз. “Осы әлемге куәлік етіңіз” деген бөлімдегі екінші аятты жаттаңыз: Матай 28:19-20.

ә. *Тақырып бойынша жаттау жүйесінің* алғашқы 48 аятының тақырыптары мен сілтемелері бойынша өзін-өзі тексеру жұмысын орындауға дайындалып келіңіз. Есіңізде болсын, *Бақылау күнделігіңізге* қол қойғызу үшін бұл жұмысты толығымен орындауыңыз керек.

2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.

3. *Киелі кітапты зерттеу:* “Мәсіхтің оралуы” деген бөлімнің 1-7-сұрақтарына жауап беріңіз (*Киелі кітап оқудағы жетекшілік*, 5-тарау, 72-75-беттер).

4. *Әр түрлі жұмыстар:* *Бақылау күнделігіңіздегі* күнделікті тізімге байланысты бөлімге қол қойғызу үшін сіз осындай тізімдерді жеті күн бойы қолдануға тиіссіз. Бұл тапсырманы 11-сабаққа дейін орындаңыз.

10-сабақ

Сабақтың жоспары:

1. Аяттарды қайталау үшін топтарға бөлініп, “Осы әлемге куәлік етіңіз” деген бөлімдегі екінші аятты қайталаңыз: Матай 28:19-20.
2. Тыныш уақытта өзіңізге келген ойларыңызды айтып бөлісіңіз.
3. Сенбеуші адамдарға айтқан куәлік-әңгімеңіз немесе “*Көпір*” арқылы берілген мысалдарды қалай түсіндіргеніңіз жайында айтып беріңіз.
4. Киелі кітапты зерттеу үшін ерлер мен әйелдер болып жеке топтарға бөлініңіздер. *Киелі кітап оқудағы жетекшіліктің* 5-тарауындағы “Мәсіхтің оралуы” бөлімінің 1-7-сұрақтарын талқылаңыз (72-75-беттер).
5. Топ жетекшілерінің әрқайсысының жұмысын қысқаша сын-талдаудан өткізіңіз.
6. *Тақырып бойынша жаттау жүйесінің* алғашқы 48 аятының тақырыптары мен сілтемелері бойынша өзін-өзі тексеру жұмысын орындаңыз.
7. 11-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (38-бет).
8. 11-сабақта Киелі кітапты зерттеуді жүргізетін жетекшілерді тағайындаңыз.
9. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

Киелі жазбаны жаттауға арналған нұсқаулар - 10-апта

Аяттар жайында

6-ТАҚЫРЫП. ОСЫ ӘЛЕМГЕ КУӘЛІК ЕТІҢІЗ

Матай 28:19-20 - Исаның шынайы шәкірті Иесінің Ұлы Жарлығын әрқашан да өз жүрегінде сақтап жүреді және бұл оның өміріне үнемі әсер етеді. Күллі халықтарға Ізгі хабарды тарату қызметіне сіз әр түрлі жолмен қатыса аласыз: шәкірт тәрбиелеу; елшілерге және қауымдарға құрбандық ақша беріп, олар үшін дұға ету; тағы да басқадай. Ең бастысы, Құдайдың ұлы бағдарламасында өз орныңызды алуға дайын болыңыз.


Сіздің апталық жоспарыңыз

1. Матай 28:19-20-аятты осы аптада жаттау үшін мұқабадағы мөлдір қалтаға салып қойыңыз. Өткен аптада жатталған аятты (Елшілер. істері 1:8) күнделікті қайталау үшін мұқабаға, В сериясының басқа аяттарының артына салып қойыңыз.
2. Мұқабадағы Б сериясынан соңғы екі аятын (Еврей. хат 2:18 бен Забур жыр. 119:9,11) алып, оны қорапшадағы осы серияның аяттарының жанына салып қойыңыз. Мұқабаның басқа қалтасындағы Ә сериясының аяттарының орнына Б сериясының барлық аяттарын салып қойыңыз. Енді сіз аяттарды апта сайын қайталау үшін Б сериясын А мен Ә серияларымен алмастырып тұра аласыз.
3. Әдеттегі рет бойынша аяттарды жаттап қайталай беріңіз. Б мен В серияларының аяттарын әр күні қайталап жүруді есіңізде сақтаңыз.
4. Жаттап жүрген аяттарыңыздың контекстін ұғынуды ұмытпаңыз.
5. *Тақырып бойынша жаттау жүйесіндегі* 48 аяттың тақырыптары мен сілтемелерін қайталап, осы сабақта өткізілетін жұмысқа дайындалыңыз.

*Аяттардың тақырыптары мен сілтемелері бойынша өзін-өзі
тексеру жұмысы*

Бос жолдарға дұрыс тақырыптар мен сілтемелерді жазыңыз. *Бақылау күнделігіңізге* қол қойғызу үшін сіз осы тапсырмадағы әр жолды дұрыс толтыруыңыз керек.

А. _____



Ә. _____

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

6. _____

Б. _____

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

6. _____

B. _____

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

6. _____

11-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Киелі жазбаны жаттау:* “Мәсіхтің шәкірті болыңыз” бөлімінің барлық аяттарын жатқа айтып беруге дайын болып келіңіз. Аяттарды жаттауға байланысты барлық жұмыстарды аяқтауға дайын болыңыз.
2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
3. *Киелі кітапты зерттеу:* “Мәсіхтің оралуы” деген бөлімнің 8-19-сұрақтарына жауап беріп, оның қорытындысындағы бос жолдарды толтырыңыз (*Киелі кітап оқудағы жетекшілік*, 5-тарау, 75-78-беттер).
4. *Басқа да жұмыстар:* ҚАРҚЫНның 7-сабақта талқыланған екі құжаты бойынша өзіңіздің істеген жұмысыңыз жайында айтып беруге дайындалыңыз.

11-сабақ

Сабақтың жоспары:

1. Аяттарды қайталау үшін топтарға бөлініп, осы курста жаттаған барлық он екі аятты қайталаңыз.
2. Тыныш уақытта өзіңізге келген ойларды айтып бөлісіңіз.
3. Сенбеуші адамдарға айтқан куәлік-әңгімеңіз немесе “*Көпір*” арқылы берілген мысалдарды қалай түсіндіргеніңіз жайында айтып беріңіз.
4. *Сіздің жеке күнделігіңіз* бен *Дұғалар мен олардың жауаптары* деген құжаттарды қолданғаныңыздың нәтижелерін талқылаңыз.
5. Киелі кітапты зерттеу үшін ерлер мен әйелдер болып жеке топтарға бөлініңіздер. *Киелі кітап оқудағы жетекшіліктің* 5-тарауындағы “Мәсіхтің оралуы” бөлімінің 8-19-сұрақтары мен оның *қорытындысын* талқылаңыз (75-78-беттер).
6. Топ жетекшілерінің әрқайсысының жұмысын қысқаша сын-талдаудан өткізіңіз.
7. 12-сабаққа арналған тапсырманы оқыңыз (39-бет).
8. Сабақты дұға етіп аяқтаңыз.

12-САБАҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА:

1. *Киелі жазбаны жаттау:* Б мен В серияларының барлық аяттарын қайталаңыз. Келесі аптада оларды дәлме-дәл айтып беруге дайындалыңыз.
2. *Тыныш уақыт:* Киелі кітапты оқып, белгілеп, жаңа ойларды жазуды жалғастыра беріңіз.
3. *Басқа да жұмыстар:* Келесі сабақта *Бақылау күнделігіңіздің* барлық бөлімдеріне қол қойылғанын тексеріңіз.

12-сабақ

Сабақтың жоспары:

1. Топтарға бөлініп, Б мен В серияларының барлық аяттарын қайталаңыз (жалпы саны - 24).
2. Тыныш уақытта өзіңізге келген ойларыңызды айтып бөлісіңіз.
3. Қалған уақытты әңгімелесу-дұғаға арнаңыз. Мынандай жағдайлар үшін дұға етуге болады:
 - а. Өткен курстарда Киелі кітаптан үйренген ақиқаттарды өмірде табысты қолдану.
 - ә. 5-курста үйренгеніңізді терең түсініп, оны өміріңізде тиімді пайдалану.

КИЕЛІ КІТАП ОҚУДАҒЫ ЖЕТЕКШІЛІК, (Шәкірт дайындау бағдарламасы)
5-кітап

Сенімнің негіздері

Бұл курста сіз Құдай сөзінің бірнеше басты ақиқаттарын зерттейсіз. Сіз оқитын бес аймақ мынандай болады:

- * Құдай - Кім?
- * Құдай сөзінің беделі
- * Киелі Рух
- * Рухани соғыс
- * Мәсіхтің оралуы

Осы ақиқаттарды түсінген сайын сіздің өміріңіз одан да табанды болып, жан тыныштығына кенеле түсесіз. Сіз одан сайын болған барлық жағдайға Құдайдың көзқарасымен қарайтын боласыз.

Забурда былай жазылған: “Тағылымыңды сүйгендер тыныштыққа кенеледі, олар ештеңеге сүрінбей, аман-есен жүреді” (Забур жыр. 118:165). Осы ақиқаттарды білсеңіз, сіз ешқашан сүрінбейсіз және Құдайдың сөзін терең түсініп, Оның өсиеттері бойынша өмір сүрген кезде зор қуанышқа бөленесіз.

Киелі жазбаны барлық сана-сезіміңізбен зерттеп, Құдайдың айтқан әр нәрсесін орындауға дайын болыңыз. Күнәдан, тәкаппарлықтан, сенімсіздіктен сақ болыңыз! Бұл нәрселер Құдайдың сізді тәрбиелеп, сізге Өз батасын беруге бөгет жасайды. Құдай Өзінің сөзін сізге оқытып, өміріңізді өзгертсін! Осы туралы Оған дұға етіңіз.

1 - ТАРАУ

Құдай - Кім?

Адам ешқашан өз күшімен белгісіздікті аттап өтіп, Құдайды тани алмайды. Ол Өзін-Өзі көрсетпесе, біздің Оны тануымыз мүмкін емес. Ал Құдай Өзін көрсетті ме? Киелі кітап: “Иә!” - дейді. Бұл кітаптың бірінші бетінен бастап соңғы бетіне дейін Құдай туралы аяндарға толы.

ҚҰДАЙ ҚАНДАЙ?

1. Киелі жазбадағы Құдайдың аттарының кейбіреулерін жазыңыз.

Жаратылыс. бас. 17:1 _____

Забур жыр. 94:6 _____

Лұқа 11:2 _____

Тимоте. 1-хат 6:15 _____

“Арнайы бір Есімді қолдану ешқашан әншейін жағдай сияқты болмайды... Құдайдың Есімінің әрқайсысы Оның болмысының арнайы бір қасиетін көрсетіп, сол үзіндіде айтылған жағдайларды түсінудің негізі болып табылады”.

- Т. К. Хэммонд

2. Ишая 45:18-24-аяттарды оқыңыз. Осы үзіндіде Құдай жайындағы қандай ақиқаттар көрсетіледі?

3. Сіз Құдай туралы тағы да не біле аласыз?

Ишая 40:28 _____

Жохан 4:24 _____

4. Төмендегі сілтемелерді олардағы айтылған Құдайдың қасиеттері бойынша тиісті жолдарға түсіріңіз. Қасындағы жолға әр аяттың қысқаша мазмұнын жазыңыз.
Забур жыр. 90:2; Еремия 23:24; Еремия 32:17; Жақып. хаты 1:17; Жохан. 1-хаты 3:20

а. Құдай құдіретті, Ол бүкіл әлемді басқарады

ә. Құдай болып жатқан барлық жағдайды біледі

б. Құдай барлық жерде бар

в. Құдай мәңгілік

г. Құдай еш өзгермейді

5. Шежіре. 1-ж. 29:10-13-аяттардағы Дәуіттің дұғасында Құдай туралы не айтылады?

Осы аяттарды өзіңіздің дұғаңызға ыңғайластырып көшіріп, Құдайға Оның Кім және қандай екені үшін бірнеше минут дұға етіңіз. Мұны жиірек істеп тұруды ұмытпаңыз.

“Ақылды жұбататын ең керемет ой - Құдай туралы ой екеніне сөз жоқ”.

- А. В. Тозер

6. Адам рухани жағынан Құдайға ұқсас болып жаратылғандықтан, Құдайдың кейбір қасиеттері адамнан көрінуі тиіс. Төмендегі аяттардың біреуіне негізделі отырып, Құдайдың бір қасиетін атап, сіздің өміріңізде оның қалай көрінуі тиіс екендігі жайында жазыңыз.

	<u>ҚҰДАЙДЫҢ ҚАНДАЙ ҚАСИЕТІ КӨРІНЕДІ?</u>	<u>БҰЛ СІЗДІҢ ӨМІРІҢІЗДЕН ҚАЛАЙ КӨРІНУ КЕРЕК?</u>
<i>Заң. қайтал. 7:9</i>	<hr/>	<hr/>
<i>Забур жыр. 118:137</i>	<hr/>	<hr/>
<i>Забур жыр. 130:3-4</i>	<hr/>	<hr/>
<i>Петір. 1-хаты 1:15-16</i>	<hr/>	<hr/>
<i>Жохан. 1-хаты 1:5</i>	<hr/>	<hr/>
<i>Жохан. 1-хаты 4:16</i>	<hr/>	<hr/>

7. Біздің барлық мәселелеріміз өзіміздің Құдай жайындағы түсінігімізге байланысты. Құдайдың қандай екенін түсінбеу адамды көптеген ішкі қайшылықтарға әкеп соқтырады. Мәселен, сіз Құдайдың кешірімді екеніне сенбесеңіз, сіз өзіңізді үнемі кінәлы болып сезінуіңіз мүмкін. 6-сұрақтағы Құдайды сипаттайтын бірнеше ақиқатты таңдап алып, осы қасиеттермен таныс емес адамда пайда болуы мүмкін мәселелерді түсіндіріп беріңіз.

8. Киелі жазбадағы ең қуанышты ақиқат - барлығы Құдайдың қолында деген сөз. Оның шексіз құдіреті жайында төмендегі аяттарда не айтылған?

Нақыл сөз. 21:1 _____

Ишая 14:27 _____

Елшілер. істері 4:26-28 _____

“Киелі кітап Құдайды тек Рух және Тұлға деп қана атамайды. Құдай - Киелі әрі Әділ Тұлға. Жаратылыстың басталуы кітабынан бастап соңғы Аян кітабына дейін Құдайдың Киелі әрі ...Мінсіз екенін көреміз. Мәсіхтің өлімін Құдайдың Киелі болғаны арқылы түсіндіруге болады. Құдайдың Киелі болмысы күнәның әділ түрде жазаланғанын талап етсе, Оның сүйіспеншілігі Иса Мәсіх арқылы күнәның құнын өтеп адамға құтқарылу әкелді”.

- Билли Грэм

ҚҰДАЙ НЕ ІСТЕП ЖАТЫР?

9. Құдай қазіргі таңда бұл дүниеде не істеп жатыр?

Шежіре. 2-ж. 16:9 _____

Забур жыр. 75:6-7 _____

Елшілер. істері 14:17 _____

10. Төмендегі аяттар Құдайдың адамдарға Өзін әр түрлі жолмен көрсеткенін сипаттайды. Дұрыс жұптарды құрастырыңыз.

- | | | |
|-----------------|-------|--------------------------|
| Забур жыр. 40:7 | _____ | пайғамбарлар арқылы |
| Рим.хат 1:19-20 | _____ | Мәсіх арқылы |
| Рим.хат 2:15 | _____ | жаратылыс арқылы |
| Еврей. хат 1:1 | _____ | адамның ар-ұжданы арқылы |
| Еврей. хат 1:2 | _____ | Киелі кітап арқылы |

11. Еремия 31:3, Ефес. хат 3:19 және Жохан 3:16-аяттарды оқыңыз.

а. Осы аяттарда Құдайдың сүйіспеншілігі жайында не айтылғанын қысқаша қорытындылаңыз.

ә. Сіздің ойыңызша, Құдайдың сүйіспеншілігін біліп сезіну неліктен маңызды?

12. Забур жыр. 46:1

а. Осы жерде Құдай қалай сипатталған?

ә. Құдайдың осы қасиетін өз өміріңізде қалай сезінгеніңіз жайында мысал келтіріңіз.

ҚҰДАЙ СІЗДЕН НЕ КҮТЕДІ?

“Менің өмірімдегі болған ойлардың ең маңыздысы - Құдай алдындағы өзімнің жеке жауапкершілігім жайындағы ой”.

- Дэниел Уэбстер

13. Забур жыр. 45:11-аятта Құдайды танып-білу жайында не айтылған?

14. Құдайдың қалайтыны не? *Забур жыр. 50:18-19*

15. Сіз Құдайға қалай жауап беруіңіз керек? *Забур жыр. 94:6*

16. Төмендегі сілтемелерді қолданып, Құдайды тану үшін өте қажетті жағдайлар жайында бірнеше сөйлем жазыңыз. *Заң. қайтал. 10:12; Забур жыр. 99:4; Еврей. хат 11:6*

Құдай барлық жағдайда біздің игілігіміз үшін әрекет етеді: молшылықта Ол біздің ризашылық білдіруімізді сынайды; мұқтаждықта барымызға риза бола алатынымызды тексереді; сәтсіздікке тап болғанымызда Ол біздің бой ұсынуымызға тәрбиелейді; бөлеге ұшырағанда, сондай-ақ әрқашан да Ол біздің Оған бағынып сенгенімізді қалайды.

17. Дәуіт өз ұлына қандай ақыл айтты? *Шежіре. 1-ж. 28:9*

18. а. Осы тараудан оқығаныңызға негізделіп, Құдайға сиыну деген ұғымды қысқаша анықтап беріңіз.

ә. Сіз қалай ойлайсыз, Құдайға сиыну мәсіхші үшін неге өте маңызды?

б. Сіз Құдайға сиынуыңызды кеңейту үшін не істей аласыз?

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы тараудың бөлімдерін қайталап шығыңыз және оларды жоспар ретінде қолданып, өз бетіңізше қысқаша қорытынды жасаңыз.

2 - ТАРАУ

Құдай сөзінің беделі

Құдай сөзіне бой ұсынуыңыз аман-есендігіңізге, мансабыңызға, отбасыңызға немесе өміріңізге қауіп төндірсе, сіз не істейтін едіңіз? Құдай сөзін бұрынғыдай ұстана беретін бе едіңіз? Не істеу керектігі жайындағы шешімді қалай қабылдайтын едіңіз? Мүмкін, осындай шешімді қабылдап көрген де шығарсыз? Осы тарауда сіз Құдай сөзінің қаншалықты беделді екені туралы біліп, оның кез келген шешімді қабылдауға жеткілікті әрі сенімді екеніне көз жеткізесіз.

СӨЗДІҢ АВТОРЫ

1. Киелі жазбаны жазған адамдар өз сөздерінің Құдайдан келгені жайында не деген?

Заң. қайтал. 28:1-2 _____

Патша. 2-ж. 23:1-3 _____

Еремия 1:6-9 _____

Салониқа. 1-хат 2:13 _____

2. Пауыл Киелі жазбаның Құдайлық авторлығы жайында не жазады?

Тимоте. 2-хат 3:16

(Киелі кітаптың Құдайдың жетелеуімен жазылғаны жайында толық мәліметті 2-курс оқулығының _беттерінен таба аласыз).

3. Құдай Өз сөзінің маңыздылығы туралы не айтады? *Забур жыр. 137:2*

“Бұл сөз Құдайдан келді, бұл сөз адамдарға билік етеді. Әр айтылған сөздің артында оны айтқан біреу бар. Өйткені сөйлеушінің өзі (оның мінезі, білімі, лауазымы) адамдардың оның сөзіне қалай қарайтынын біледі. Сондықтан Құдайдың сөзі Құдайдың беделін білдіреді. Біз Құдайдың қандай екенін білгендіктен, Оның айтқанына сенеміз”.

- Джон Р. У. Стотт

ИСАНЫҢ КИЕЛІ ЖАЗБАҒА ҚАЛАЙ ҚАРАҒАНЫ ЖАЙЫНДА

4. Матай 4:1-11-аяттарды оқыңыз. Мұнда біреудің Исаны сынап көрейін дегені жайында жазылған.

а. Иса Киелі жазбаны қалай қолданады? *10-аят*

ә. Иса Өзінің шешімін қабылдар алдында шайтанның айтқаны жөнінде көп ойланды ма? *9-10-аяттар*

б. Иса осы аятты кімге арнап айтты, Өзіне ме немесе шайтанға ма?

в. Тіпті Исаның Өзі Киелі жазбаға бағынғаны сізге не айтады?

5. Төменде көрсетілген жағдайларда Иса Киелі жазбаны қалай қолданды?

а. Шын және жалған сиынудың арасындағы айырмашылықты түсіндіргенде.

Марқа 7:6-9

ә. Қайта тірілу жайындағы қиын сұраққа жауап бергенде. *Марқа 12:24-27*

б. Арам ойлы адаммен дауласқысы келмеген кезде. *Лұқа 10:25-28*

б. Иса Өзінің айқышта өлу керектігіне неге сенімді болды? *Лұқа 24:25-27*

7. Құдай Киелі жазба туралы тағы не деген?

Матай 5:17-18 _____

Жохан 17:17 _____

8. 4-7-сұрақтардағы мәліметті қолданып, Исаның Киелі жазбаға деген ниеті жайында қысқаша жазып беріңіз.

9. Исаның үлгісі бізді қандай болуымызға шақырады?

КИЕЛІ ЖАЗБАНЫҢ СЕНІМДІЛІГІ

10. Төмендегі көрсетілген адамдардың әрқайсысы Құдай сөзінің сенімділігі жайында не айтады?

Ешуа, Ешуа 23:14 _____

Дәуіт, Забур жыр. 33:11 _____

Ағұр, Нақыл сөз. 30:5-6 _____

11. Лұқа жазған Ізгі хабардың кіріспе сөздерінен Киелі жазбаның анықтығы жайында қандай қорытынды жасауға болады? *Лұқа 1:1-4*

12. Петір. 2-хаты 1:15-21-аяттарды оқыңыз.

а. Петір 16-аятта қандай пайымдау жасайды?

ә. Петір мен басқа шәкірттер қандай әдеттен тыс құбылысты көрді?
(17-18-аяттарды Матай 17:1-9-аяттармен салыстырыңыз).

б. Петірдің ойынша, көктен естілген дауыстан гөрі сенімдірек не болды? 19-аят

в. Ол неге Киелі жазбадағы пайғамбарлық сөздерді соншалықты сенімді деп санады? 20-21-аяттар

13. Орындалған пайғамбарлық сөздердің қайсысы Киелі жазбаның сенімді екенін жақсы дәлелдейді? (Сіз 1-курс оқулығының _бетіндегі пайғамбарлық сөздердің орындалғаны жайындағы кестені көре аласыз).

ҚҰДАЙ СӨЗІНІҢ ЖЕТКІЛІКТІГІ

14. Құдай сөзі сіздің өміріңізде не істей алады?

Забур жыр. 37:31 _____

Забур жыр. 119:130 _____

Жохан 15:3 _____

Елшілер.істері 20:32 _____

Тімоте. 2-хат 3:16 _____

Жақып. хаты 1:21 _____

15. Егіс астық жинаудың алдында болады. Рухани өнім жинау үшін егінші не екті?
Марқа 4:14

Сіз келесі аптада “егінші” болуыңыз үшін не істеуіңіз керек?

16. Ишая 55:10-11-аяттарды оқыңыз. Су мен Сөздің арасындағы салыстыру мысалына назар аударыңыз. Осы жердегі құбылыс жайында ойланып, Құдайдың Өз сөзін орындайтыны туралы қандай жаңа нәрселер білгеніңіз жөнінде жазыңыз.

17. Забур кітабынан 118-жырды тауып, оны кез келген аяттан бастап оқыңыз. Құдай сөзінің әр түрлі пайдасы туралы оқып (Оның сөзі мұнда тәлім, ережелер, бұйрықтар, жарлықтар, шешімдер, өсиеттер деп аталады), сол пайданың төрт-бес түрін атап беріңіз.

Сіздің өміріңізде Киелі жазбаның анықтығын дәлелдейтін әлі де көптеген жағдайлар болатын шығар, бірақ оған бедел беретін негізгі себеп бұл емес. Киелі жазбаның беделді болуының негізгі себебі - оның Құдай сөзі екенінде. Сіз

Құдай сөзіне деген сеніміңізді нығайтқыңыз келеді ме? Олай болса, Құдайды тереңірек тануға талпыныңыз. Сіздің Құдай жайындағы түсінігіңіз бен Киелі жазбаның беделі бір-бірімен тығыз байланысты ұғым, олар бірге нығаяды және бірге құлайды.

ҚҰДАЙ СӨЗІН ӨМІРІҢІЗДЕ ҚОЛДАНУ ЖАЙЫНДА

18. Исаның заманындағы адамдардың қандай нәрсесі Оны қынжылтты?

Лұқа 6:46

Лұқа 24:25

19. Ошия патша Құдай сөзін қалай орындады? *Патша. 2-ж. 23:2-4*

20. Забур жыр. 118:59-60-аяттарда Құдай сөзін өз өміріңізде қолдануға байланысты қандай негіздерді көріп тұрсыз?

21. Құдай сөзін өміріңізде қолдануға нақты қадамдар жасаған кезде сізге мына жоспар жақсы көмек бере алады:

- * Киелі жазбада сіздің өміріңіздің кейбір аймақтары жайында не айтылғанын анықтаңыз.
- * Осы аймақтағы өміріңіздің қандай екенін айтып беріңіз.
- * Өз өміріңізді Құдай сөзіне сай ету үшін не істеп жүргеніңіз туралы айтып беріңіз.
- * Өзіңізді тексеріп тұру үшін не істейтініңіз жайында шешімге келіңіз.

Енді осы жоспарды қолданыңыз.

а. Осы тараудың қай жері сіздің өміріңіздің мұқтаж аймағын көрсетті?

Сұрақтың саны _____ Аяттың сілтемесі _____

Ой _____

ә. Өміріңіздің осы аймағындағы жағдай қай жағынан жақсаруы тиіс?

б. Осы аймақтағы жағдайды жақсарту үшін сіз не істеуіңіз керек?

в. Мақсатқа жеткеніңізді қалай білетін боласыз?

Құдайға бой ұсынып, Оның сөзіне бағыну жайында өзіңізге міндеттеме берген кезіңіз болды ма?

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы тараудағы бөлімдердің аттарын қарап шығып, оларды жоспар ретінде қолдана отырып, төмендегі жолдарға қорытынды жасаңыз.

3 - ТАРАУ

Киелі Рух

Иса Мәсіх бізге Жұбатушыны, яғни Киелі Рухты жіберуге уәде берді. Киелі кітап бізге Киелі Рух туралы айтып, мәсіхшілердің Онымен қандай қатынаста бола алатынын көрсетеді.

1-курстағы Киелі кітап оқудағы жетекшіліктегі “Сіздің бойыңыздағы Киелі Рух” деген тарауды қайталап шыққаныңыз дұрыс болады (72-76-беттер).

КИЕЛІ РУХ - КІМ?

1. Төмендегі аяттарда Киелі Рухтың қандай әрекеттері мен қасиеттері жайында айтылған?

Елшілер. істері 13:2 _____

Қорын. 1-хат 2:10 _____

Қорынт. 1-хат 2:12-13 _____

Қорынт. 1-хат 12:11 _____

Ефес. хат 4:30 _____

2. Осы аяттар Киелі Рухтың (тәнсіз болса да) нағыз Тұлға екенін көрсетеді ме? Жауабыңызды түсіндіріп беріңіз.

Киелі кітапта Киелі Рух әр түрлі аталады: Жұбатушы, Шындық Рухы, Мәсіхтің Рухы, Құдай Рухы т. б.

3. Төмендегі аяттарда Киелі Рухтың Құдай екені неден көрінеді?

Жаратылыс.баст. 1:2 _____

Еврей.хат 9:14 _____

Забур жыр. 138:7-8 _____

4. Анани мен Зәпира өз жандарын тапсырар алдында олар кімге өтірік айтқан болатын? (Елшілер. істері 5:1-10)

3-аят _____

4-аят _____

КИЕЛІ ҮШБІРЛІК

Құдай біртұтас болғанымен Ол үш Тұлға (Киелі Үшбірлік) болып өмір сүреді. Осы Үшбірліктің Тұлғалары - Құдай Әке, Құдай Ұл және Құдай Киелі Рух болып табылады. Олардың болмысы бір және олар сүйіспеншілік пен қарым-қатынастың мінсіз үйлесушілігінде өмір сүреді.

Адамның ақылы Құдайды және Оның Киелі Үшбірлік болмысын толығымен түсіне алмайды. Дегенмен, біз Оның жаратылысының біртұтастығы мен әр түрлілігін көре аламыз. Бұл - үш Тұлғада біртұтас болған Құдайдың керемет табиғатын көрсетеді.

* Құдай Әке көзге көрінбейді - Жохан 1:18

* Құдай Өзін рухани Ұлы арқылы танытты - Жохан 1:14-18; Еврей. хат 1:1-4

* Құдайдың Киелі Рухы адамдардың бойында жұмыс істейді - Жохан 16:8; Қорынт. 1-хат 2:10-11; 6:19-20.

(Киелі Үшбірлік туралы айтқан тағы бірнеше үзінділер бар: Матай 3:16-17; 28:19; Жохан 14:16; Қорынт. 2-хат 13:14; Петір. 1-хаты 1:2).

КИЕЛІ РУХ КІМНІҢ БОЙЫНДА БАР?

5. Біреудің рухани жағынан қайта туылуына Киелі Рух қалай қатысады?

Жохан 3:5-6 _____

Ефес. хат 1:13-14 _____

Тит.хат 3:5 _____

6. Мәсіхтің рухани дене мүшелерінің әрқайсысының өмірінде қандай оқиға болды? Қорынт. 1-хат 12:13

7. Рим. хат 8:9-14-аяттарды оқыңыз. Әр сенушінің Киелі Рухты қабылдағанын қандай пайымдаулар көрсетеді?

8. Пауыл Қорынт қаласындағы сенушілерге олардың кемеліне жетпеген өміріне қарамастан нені ескертті? *Қорынт. 1-хат 3:16*

9. 1-курста, _беттегі 12-сұраққа берген жауабыңызды қайта қараңыз. Киелі Рухтың өміріңізде бар болғанына деген сеніміңіз қалай нығайды?

КИЕЛІ РУХТЫҢ ІСТЕРІ

10. Жохан 16:7-15-аяттарды оқыңыз.

а. Киелі Рухтың қазіргі таңдағы істері қандай? *8-11-аяттар*

ә. Ол сенушілер үшін не істейді? *13-аят*

б. Ол Кімді және Кімнің ұлылығын көрсетеді? *14-15-аяттар*

11. Ғалат. хат 5:19-25-аяттарды оқыңыз. Мына нәрсеге назар аударыңыз: күнәкар болмысымыздан туындайтын қылықтар (көпше түрде) Киелі Рухтың “жемісіне” (жекеше түрде) қарсы қойылады. “Жеміс” деген сөзге бірнеше сипаттама берілгенге қарамастан бұл сөз неге жекеше түрде тұр? (Жохан 15:5-аятпен салыстырыңыз).

Жарық сәулесі призмадан өтіп түрлі-түсті құбылысқа айналғандай Мәсіхтің мінсіз өмірі де сіз арқылы дүниеге Құдайдың әр түрлі ізгі қасиеттерін көрсетуі мүмкін.

12. Рим. хаттың 8-тарауында Мәсіхпен тығыз байланыстағы жеңіс өмірі жайында айтылған. Киелі Рух сізге өмірде үнемі жеңіске ие болуға қалай көмектесе алады?

2-аят _____

14-аят _____

16-17-аяттар _____

26-27-аяттар _____

13. Пауылдың елшілік қызметінде Киелі Рухтың ролі қандай болды?

Елшілер. істері 13:2,4 _____

Елшілер. істері 16:6-7 _____

Қорынт. 1-хат 2:4 _____

КИЕЛІ РУХТЫҢ ДАРЫНДАРЫ

14. Рухани дарындар туралы айтатын негізгі үзінді - Қорынт. 1-хат 12-14-тараулар болып табылады. Қорынт. 1-хат 12-тарауға негізделіп, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

а. Қанша сенуші Киелі Рухтан дарындар алды? 7, 11-аяттар

ә. Сенушіге қандай дарынды беруді кім шешеді? 11, 18-аяттар

б. Бұл дарындар адамдарға қандай мақсатпен беріледі?
(7-аятты Петір. 1-хат 4:10-аятпен салыстырыңыз).

в. Біртұтас денеде неге әр түрлі дарындар бар? 14-19-аяттар

г. Құдай барлық адамның дарындарының бірдей болғанын қалайды ма? 28-30-аяттар

д. Осы тарауда қандай дарындар туралы айтылады? 8-10 мен 28-30

15. Рим. хат 12:6-8 бен Ефес. хат 4:11-аяттарда қандай басқа дарындар жайында айтылады?

16. Басқа мәсіхшіге бере алған ең үлкен көмектеріңіз жайлы бір-екі мысалын өміріңізден келтіріңіз?

Бұлар Киелі Рухтан келген дарындар шығар. Өзіңізге мынандай сұрақтарды қойыңыз:

- * Осы іс мені ризашылыққа бөлейді ме?
- * Осы істің басқаларға пайдасы бар ма?
- * Осы істің нәтижесі рухани бірлік пен есуге апарады ма?

Басқа мәсіхшілерге көмектесу қабілетіңізді сіз ары қарай қалай жетілдіре аласыз?

Сіз өзіңіздің бойыңызда бар рухани дарындарды анықтағыңыз келеді ме? Құдай сізге оларды рухани өскен сайын және Мәсіхтің жолымен жүрген сайын көрсете түседі. Есіңізде болсын, ең бастысы - рухани жеміс беру. Сіз барлық рухани дарындарға ие болуға міндетті емессіз.

17. Егер біреу сізді бір арнайы дарындарға талпынуға үгіттесе, сіз Қорынт. 1-хат 12-14-тарауларға негізделе отырып, қалай жауап беретін едіңіз?

“Әркімнің Құдай берген дарыны бар, сондықтан әркім жігерленуге тиіс. Барлық дарындарға ие болған ешкім жоқ, сондықтан әркім кішіпейіл болсын. Барлық дарындар бір Дене үшін қызмет етеді, сондықтан олардың арасында үйлесімдік болу керек. Барлық дарындар Құдайдан келеді, сондықтан әркім риза болу керек”.

- Артур Пирсон

СІЗДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІҢІЗ

18. Ефес. хат 5:18-21-аяттарды оқыңыз.

а. Құдай Киелі Рух жайында қандай өсиет берді? *18-аят*

ә. Киелі Рухқа кенелудің бірнеше нәтижесін атап шығыңыз. *19-21-аяттар*

19. Ефес.хат 5:18-аятта Киелі Рухқа кенелу немен салыстырылады? Осының қандай ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар?

ҰҚСАСТЫҚТАР	АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР

20. Киелі Рухқа кенелудің тағы да қандай басқа нәтижелері бар?

Елшілер. істері 4:31 _____

Елшілер. істері 11:24 _____

Рим.хат 5:5 _____

21. Киелі Рухқа қарсы қандай әрекеттер жайында сізге ескерту беріледі?

Салониқа. 1-хат 5:19 _____

Ефес. хат 4:30 _____

22. Ефес. хат 4:30-аяттың айналасындағы аяттарды оқыңыз.

а. Киелі Рухқа қандай нәрселер ұнамайды?

ә. Сіздің өміріңізде Киелі Рухқа ұнамайтын жағдайлар бар ма?

б. Бұл жағдайда сіз не істеуіңіз керек?

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы тараудың бөлімдерін қайталап шығып және оларды жоспар ретінде қолданып, өз бетіңізше қысқаша қорытынды жасаңыз.

4 - ТАРАУ

Рухани соғыс

Құдай сөзіндегі ұлы ақиқаттарды танып, оларды өмірде қолдана бастау - рухани майданға шығу болып табылады. Бұл - адамдардың ой-санасы мен жүректері үшін соғыс. Дегенмен қиыншылықтар біздің рухани өсуімізге мүмкіндік береді, өйткені Құдай "осының бәрінде біз өзімізді шексіз сүйетін Иеміздің арқасында ұлы жеңіске жетеміз" деген уәдесін берген (Рим. хат 8:37).

МАЙДАН

1. Елші Пауыл Ефес. хат 6:12-аятта мәсіхшінің өмірін қалай сипаттайды?

2. Тимоте. 2-хат 2:3-4-аяттарды оқыңыз. Пауыл айтқан осындай өмірді сіз қалай сипаттап берер едіңіз?

ӨЗ ЖАУЫҢДЫ БІЛ

Әскер басшысына майданда жеңіске жету үшін жауының қандай екенін және оның тәсілдерін білу қаншалықты маңызды болса, мәсіхшіге де сондай маңызды.

3. Аян 12:9-10-аяттарда жау қалай аталады?

Ол не істейді?

4. Киелі жазбада шайтанның аты ең соңғы рет аталғанда шайтанға не болады?
(Аян 20:7-10)

5. Шайтан Хауа ананы алдаған кезде Құдай сөзінің беделін қалай түсіргісі келді?
Жаратылыс. баст. 3:1-5

Шайтан бүгін де Құдай сөзіне сенімсіздік тудырып, Иса Мәсіхті қаралағысы келеді.
Ол осы жауыздығын үнемі істеуде.

6. Төмендегі аяттар шайтан туралы не айтады?

Лұқа 8:12 _____

Жохан 8:44 _____

Қорынт. 2-хат 4:3-4 _____

Қорынт. 2-хат 11:3 _____

Қорынт. 2-хат 11:14 _____

7. Лұқа 4:1-13-аяттарды оқыңыз. Бұл жерде Мәсіх пен шайтанның кездесуі
көрсетіледі.

а. Шайтан пайда болғанда Исаның тәндік жағдайы қандай болған?

ә. Шайтанның үш азғыруы қандай қалауларға негізделді?

8. Петір. 1-хаты 5:8-9-аяттарды өз сөзіңізбен жазыңыз.

КҮНӘНЫҢ МӘСЕЛЕСІ

9. Төмендегі аяттарда күнә қалай сипатталады?

Ишая 1:2 _____

Рим. хат 14:23 _____

Жохан. 1-хаты 3:4 -----

10. Күнә - Құдайдың заңын бұзу болып табылады. Исаның осы өсиеттер жайында не айтқанын оқып (Матай 22:37-40), күнәның толық анықтамасын беріңіз.

11. Жақып. хаты 4:1-4-аятты оқыңыз.

а. Дұшпандық қайдан шығады? *1-3-аяттар*

ә. Құдайға толығымен берілуге сізге не кедергі болады? *4-аят*

б. Осы аяттар сізге өміріңіздегі қиыншылықтардың себебін анықтауға көмектеседі ме? Солай болса, түсіндіріңіз.

12. Ефес. хат 2:2-3-аятта осы дүние қандай болып көрсетілген?

13. Пауылдың үйреткені бойынша, біз осы дүниені сүймеу үшін ой-тілектерімізді жаңартуымыз керек (Рим. хат 12:2). Осы сөздерді Філіпі. хат 4:8-аятпен салыстырып, “ой-тілектерімізді жаңарту” деген не екені жайында бірнеше ойыңызды жазыңыз.

14. Сынақтан жақсы өткен адамға қандай уәде берілген? *Жақып. хаты 1:12*

“Кейбір адамдар: “Менің кемшіліктерім бар болғанымен, ішкі дүнием, жүрегім жақсы”, - дейді. Әттеген-ай! Сізді алдайтын осы, өйткені бойымыздағы ең нашар жер - жүрек емес пе!

- Чарльз Хаддон Сперджен

ЖЕҢІСКЕ СЕНІМДІ БОЛУ

15. Еврей. хат 2:14-15-аяттар бойынша, Мәсіхтің өлімінің мағынасы шайтанға қандай болды?

Мәсіхтің өлімінің мағынасы адамдарға қандай болды?

16. Төмендегі аяттар бойынша, жеңістің негізі қандай болды?

Жохан. 1-хаты 2:14 _____

Жохан. 1-хаты 4:4 _____

Жохан. 1-хаты 5:4-5 _____

17. Қорынт. 1-хат 15:57-аятты өз сөзіңізбен жазып, ол сөздер арқылы Құдайға дұға етіңіз. Иса Мәсіхпен тығыз байланыста жүріп, әр күні жеңіске ие болуға сенімділік бергені үшін Құдайға алғыс айтыңыз.

ӘР КҮНІ ЖЕҢІСКЕ ИЕ БОЛУ

18. Аян 12:11-аят бойынша, шайтанды жеңуге арналған үш қару бар. Олардың әрқайсысы неліктен соншалықты маңызды?

ЖЕҢІСТІҢ ҚАРУЫ	ОЛ НЕЛІКТЕН МАҢЫЗДЫ?
а. _____	_____
ә. _____	_____
б. _____	_____

19. Ефес. хат 6:14-18-аяттарды қолданып, рухани жауынгердің жабдықтарын атап беріңіз. Сізге осы жабдықтарды өз өміріңізде қолдануға қандай нақты жағдайлар мүмкіндік береді?

5 - ТАРАУ

Мәсіхтің оралуы

“Түңілушілік пен уайымға толы қазіргі заманның түнегінің арасын үміттің жарық сәулесі жарып тұр, бұл Иса Мәсіхтің уәдесі: “Барып сендерге орын дайындап, қайта келемін”.

- Билли Грэм

Тұңғыш мәсіхшілердің заманына осы күнге дейін Мәсіхтің қайта оралуы сенушінің үміті болып жүр. Әр ұрпақ: “Осы қашан болар екен?” - деп сұрауда.

Исаның қайта оралуы жайында Жаңа келісімді жазушылардың барлығы айтады. Жазушылар 20 кітапта осы туралы үш жүзден аса рет айта кетіп отырады.

ОНЫҢ ОРАЛУЫ ЖАЙЫНДАҒЫ УӘДЕСІ

1. Жохан 14:2-3-аяттарды оқыңыз. Иса Өз шәкірттеріне қандай уәде берді? (Осы уәденің үш бөлігіне назар аударыңыз).

2. Иса көкке көтеріліп кеткеннен кейін екі періште Оның уәдеде берілген оралуын қалай сипаттайды? *Елшілер. істері 1:9-11*

3. Төмендегі аяттарда Иса Өзінің оралуы жайында не айтады?

Матай 16:27 _____

Матай 24:27 _____

Марқа 13:26-27 _____

Лұқа 12:40 _____

4. Пауыл Салониқалықтарға жазған 1-хатының әр тарауында Мәсіхтің оралуы туралы не жазады?

Салониқа. 1-хат 1:9-10 _____

Салониқа. 1-хат 2:19 _____

Салониқа. 1-хат 3:12-13 _____

Салониқа. 1-хат 4:16-18 _____

Салониқа. 1-хат 5:2-6 _____

ОНЫҢ ОРАЛУЫНЫҢ АЛДЫНДА БОЛАТЫН ОҚИҒАЛАР

5. Матай 24 пен 25-тарауларда Иса Өзінің оралуының белгілері жайында толық айтып ескертеді. Төмендегі сұрақтар 24-тарау бойынша болады.

а. Исаның оралуының алдында жерде қандай оқиғалар болады? *6-7-аяттар*

ә. Дүниенің зұлымдыққа толуына қарамастан шынайы мәсіхшілер не істейді?
12-14-аяттар

б. Егер біреу сізге Исаның көктен оралып бір қалада кереметтер жасап жатқанын айтса сіз осыған қалай жауап беретін едіңіз? *23-26-аяттар*

в. Ғарышта қандай кереметтер көрінеді? *29-аят*

г. Мәсіхтің оралу уақытын анық білетін кім? *36-аят*

д. Адамдар сол кезде не істейді? 37-39-аяттарды Жаратылыс. баст. 6:5 пен 6:11-13-аяттармен салыстырыңыз.

б. Соңғы дәуірде тұратын адамдар қандай болады?

Тімоте. 1-хат 4:1-2 _____

Тімоте. 2-хат 3:1-5 _____

7. Соңғы дәуірде қандай көзқарастар тарайтын болады?

Петір. 2-хаты 3:3-4 _____

Салониқа. 1-хат 5:3 _____

Қазіргі заманда осындай ілімдерді көріп жүрсіз бе? Осыны түсіндіріңіз.

ОНЫҢ ОРАЛҒАН КЕЗІНДЕ БОЛАТЫН ОҚИҒАЛАР

Мәсіхтің оралған кезімен бірге болатын оқиғалардың реті жайында көптеген әр түрлі пікірлер бар. Төмендегі бөлімде үлкен оқиғалар талқыланады, бірақ олардың реті анықталмайды.

8. Салониқа. 1-хат 4:13-18-аяттарды оқыңыз.

а. Мәсіх келгенде болатын оқиғаларды атап шығыңыз. *16-17-аяттар*

ә. Сіз Онымен бірге қанша уақыт боласыз? *17-аят*

б. Осы ақиқаттарды сіз қалай пайдалануыңыз керек? *18-аят*

9. Мәсіх келгенде сенушілерге не болады?

Қорынт. 1-хат 15:22-23 _____

Філіпі. хат 3:20-21 _____

Қолос. хат 3:4 _____

Жохан. 1-хаты 3:2 _____

10. Қорынт. 1-хат 15:42-44-аяттар бойынша өзіңіздің тәндік денеңіз бен рухани денеңізді салыстырыңыз.

ТӘНДІК ДЕНЕ	РУХАНИ ДЕНЕ
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____

11. Салониқа. 2-хат 1:6-10-аяттарды оқыңыз.

а. Мәсіхтің оралуының сенбеушілерге қандай мәнісі болады?

ә. Ал сенушілерге ше?

12. Мәсіх оралғанда сенушілерге тағы не болады?

Қорынт. 2-хат 5:10 _____

Қорынт. 1-хат 4:5 _____

Сенушілерді күтіп тұрған Мәсіхтің сотының оларға берілген құтқарылумен ешқандай байланысы жоқ. Бұл - жақсы қызмет үшін Иемізден сый алу немесе сыйсыз қалу мезгілі болады. Ал сенбеуші адамдарды күтіп тұрған сот жайында Аян 20:12-15-аяттарда оқыңыз.

ОНЫҢ ОРАЛУЫНЫҢ БІЗГЕ ҚАНДАЙ МАҒЫНАСЫ БАР?

13. Құдайдың қасында болып өмір сүру қандай деп ойлайсыз? *Аян 21:4*

Сол жерде кім болады? *Аян 5:9*

14. Мәсіхтің оралуына деген сіздің ниетіңіз қандай болу керек?

Тімоте. 2-хат 4:8 _____

Жақып. хаты 5:7-8 _____

Петір. 1-хат 1:13 _____

15. Петір. 2-хаты 3:10-12-аяттарды Жохан. 1-хаты 3:2-3-аяттармен салыстырып, Мәсіхтің оралуының сізге қалай әсер ететіні жайында бірнеше ойыңызды жазыңыз.

16. 14 немесе 15-сұрақтағы қолданған үзінділердің біреуін таңдап және төмендегі үлгіні пайдаланып, осы аяттарды өмірде қалай қолдану жайындағы сұрақтарға жауап беріңіз.

а. Осы үзіндідегі негізгі өсиет қандай?

ә. Мұның сізге қандай қатысы бар?

б. Осы өсиетке байланысты сіз қандай нақты істер істейсіз?

в. Осы істерді орындағаныңызды сіз қалай тексересіз?

17. Матай 24:14-аятты Петір. 2-хаты 3:9-аятпен салыстырыңыз. Сіздің ойыңызша, Мәсіхтің әлі келмей жатқанының себебі қандай?

18. Марқа 13:33,37-аяттарды оқыңыз.

а. Иса сізді не істеуге шақырады?

Келесі беттерден сіз 5-курсқа жететіндей санда *Киелі кітап оқу күнделігінің*, Рухани өсуіңізді тексеру күнделігінің және дұғалардың жауаптарына арналған парақтарын табасыз. Одан көп парақтар керек болса, әр парақтың біреуінен алып оны ксерокспен көбейте аласыз.

КИЕЛІ КІТАП ОҚУ ЖОСПАРЫ

“Менің жолыммен жүргендер - бақытты. Ақылды болып, өсиеттерді тыңдаңдар, олардан бас тартпаңдар. Әр күні қақпамның алдына келіп, есігімді күзетіп, мені тыңдаған адам бақытты”.

Нақыл сөз. 8:32-34

Дүйсенбі _____ күні оқығаным:
Ең маңызды жері: _____
Сілтемесі: _____
Ойы: _____

Әсерім: _____

Сейсенбі _____ күні оқығаным:
Ең маңызды жері: _____
Сілтемесі: _____
Ойы: _____

Әсерім: _____

Сәрсенбі _____ күні оқығаным:
Ең маңызды жері: _____
Сілтемесі: _____
Ойы: _____

Әсерім: _____

Бейсенбі _____ күні оқығаным:
Ең маңызды жері: _____
Сілтемесі: _____
Ойы: _____

Әсерім: _____

Жұма _____ күні оқығаным:
Ең маңызды жері: _____
Сілтемесі: _____
Ойы: _____

Әсерім: _____

Сенбі _____ күні оқығаным:
Ең маңызды жері: _____
Сілтемесі: _____
Ойы: _____

Әсерім: _____

Жексенбі _____ күні оқығаным:
Ең маңызды жері: _____
Сілтемесі: _____
Ойы: _____

Әсерім: _____

<p>Мәсіхті бірінші орынға қойыңыз <i>Матай 6:33</i></p> <p>Ең бастысы, Оның Патшалығының қамын ойлап, Оның әділ еркін орындауға ұмтылыңдар! Сонда көктегі Әкелерің сендерге бұлардың бәрін қосып береді.</p> <p><i>В-1 Матай 6:33</i></p>	<p>Мәсіхті бірінші орынға қойыңыз <i>Лұқа 9:23</i></p> <p>Бұдан кейін Иса халықтың бәріне мынаны айтты: Маған еріп шәкіртім болғысы келген әркім өз еркі бойынша өмір сүруін қойсын, әрі айқышын арқалаған кісідей азапты өлімге күн сайын дайын болып Менің жолыммен жүрсін!</p> <p><i>В-2 Лұқа 9:23</i></p>
<p>Осы күнәкар дүниені сүймеңдер <i>Жохан. 1-хаты 2:15-16</i></p> <p>Осы күнәкар дүниені және ондағы еш нәрсені сүймеңдер! Осы дүниені сүйгендердің көктегі Әкеге сүйіспеншілігі жоқ. Себебі осы дүниеге тән нәрселердің бәрі: күнәкар адамның құмарлықтары, көзінің қомағайлығы, мал-мүлікке мастануы Әкеден емес, осы дүниеден бастау алған.</p> <p><i>В-3 Жохан. 1-хаты 2:15-16</i></p>	<p>Осы күнәкар дүниені сүймеңдер <i>Рим. хат 12:2</i></p> <p>Бұл күнәкар дүниенің өмір сүру салтын үлгі етпеңдер, қайта, ой-тілектерің Құдайдың жаңартуымен түбегейлі өзгерсін! Осылай сендер Оның еркін - ненің игілікті, ұнамды және кемелді екенін ажырата білетін боласыңдар.</p> <p><i>В-4 Рим. хат 12:2</i></p>
<p>Табанды болыңыз <i>Қорынт. 1-хат 15:58</i></p> <p>Сонымен, сүйікті бауырластарым, табанды, сенімдеріңнен айнымай, Иеміздің ісін әрдайым молынан істейтін болыңдар! Өйткені Иемізбен жүріп атқарған еңбектеріңнің бекер еместігіне көз жеткіздіңдер.</p> <p><i>В-5 Қорынт. 1-хат 15:58</i></p>	<p>Табанды болыңыз <i>Еврей. хат 12:3</i></p> <p>Оның күнәкарлардың қаншама жауыздықтарына шыдағанын ескеріңдер! Осылай сендер де қажымаңдар, жігерлеріңді жасытпаңдар!</p> <p><i>В-6 Еврей. хат 12:3</i></p>
<p>Басқаларға қызмет етіңіз <i>Марқа 10:45</i></p> <p>Себебі Мен де Құдай тағайындаған Билеуші бола тұра Өзіме қызмет еткізу үшін емес, Өзім қызмет етіп, көптеген адамдардың азаттық төлемін өтеп жанымды қию үшін осы дүниеге келдім.</p> <p><i>В-7 Матай 10:45</i></p>	<p>Басқаларға қызмет етіңіз <i>Қорынт. 2-хат 4:5</i></p> <p>Біз өзімізді емес, Мәсіх Исаны уағыздаймыз, Ол - Жаратқан Ие, ал біз Исаға бағышталып, сендерге қызмет етеміз.</p> <p><i>В-8 Қорынт. 2-хат 4:5</i></p>
<p>Жомарттықпен беріңіз <i>Нақыл сөз. 3:9-10</i></p> <p>Жаратқанға бағышта мал-мүлкіңнен, Әрі қастерле Оны алғашқы өніміңмен. Сонда астыққа толады қамбаларың, Сыққыштан жүзім шырынын мол аласың.</p> <p><i>В-9 Нақыл сөз. 3:9-10</i></p>	<p>Жомарттықпен беріңіз <i>Қорынт. 2-хат 9:6-7</i></p> <p>Бұл жайында: “Сараң сепкен сараң жинар, жомарт сепкен жомарт жинар” - дейді ғой. Әрқайсың жүректеріңнің шешіміне сай, еш ренішсіз, зорлықсыз барларыңмен бөлісіңдер! Құдай қуанышпен беретіндерді ұнатады.</p> <p><i>В-10 Қорынт. 2-хат 9:6-7</i></p>

<p>Осы әлемге кәуәлік етіңіз <i>Елшілер. істері 1:8</i></p> <p>Бірақ сендер Киелі Рух өздеріңе қонғанда Оның құдіретін қабылдайсыңдар, сөйтіп Иерусалимде, бүкіл Яһудея мен Самария аймақтарына және жердің шетіне дейін Маған кәуә боласыңдар.</p> <p><i>В-11 Елшілер. істері 1:8</i></p>	<p>Осы әлемге кәуәлік етіңіз <i>Матай 28:19-20</i></p> <p>Сондықтан күллі халықтарға барыңдар! Оларды Менің шәкірттерім етіп, Құдай Әкенің, рухани Ұлының және Киелі Рухының атымен шомылдыру рәсімінен өткізіңдер, әрі сендерге өсиет еткендерімнің бәрін де ұстануға үйретіңдер!</p> <p><i>В-12 Матай 28:19-20</i></p>
---	---

